№3-4 (10) / наурыз-сәуір / 2018

САРАСӨЗ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ-ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ



Сыншы Құлбек ЕРГӨБЕК

Кәсібің - нәсібің / Алаш қозғалысы / Назым сөз / Жазушының жан дүниесі / Тымпи / Насыр сөз / Сахна сөз / Жаңа кітап / Тіл туралы / Өнерім - өмірім / Мәдениет мәйегі / Сөз түзелді / Түркі жұртында / Бабалар аманаты / Бәйтерек / Базына / Ел байлығы / Саңлақ



Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: Бекжігіт Сердәлі

Қатегері: Құрбан Әділ

SMM-менеджер: Еңлік Қалдархан

Фотограф: Мақсат Құсайынов

PR-менеджер: Әдемау Толысбаева

Стилист: Мұрат Шаханбай

sarasoz.kz sarasoz.kz

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортебе көшесі, 33-үй.
Тел: 87028398688, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді
меншік иесі:
ЖК «Қыдықбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 5000 дана

Журнал айына бір рет шығады.

Мұқабада
Сыншы Құлбек Ергөбек

СЫН КЛАССИГІ

Қойнауы аффоризмге толы «Сарасөз» кітабы қолыма тигелі тәтті ойларды құшағыма қысып ұйықтайтынды шығардым. Тағдырым сөз өнерімен тікелей байланысты болғандықтан үнемі ізденісте, оқу үстінде, ой үстінде жүретінім табиғи заңдылық секілді. Сол бір ойлы күндердің бірінде рухани әкем, қазақ әдебиетінің сын классигі Құлбек Ергөбектің «Сарасөз» кітабы қолыма тиді. Емделіп жүргенімнен хабардар болған әкей көңіліңді сұрап барғаным болсын деп ұсынды. «Гүлжаз қызыма! Ауырма, ауырма, ауырма! Өмірді құлай сүй, құлшына өмір сүр! Шаршама, болдырма! Жастық жігер, Алла берген талап Сені шың басына, бақыт биігіне жетелесін!» Ізгі тілек, ағалық жүректен, автор Қ.Е. 8.07.2016ж. Түркістан. Кітапты беріп жатып: «Осыған дейін алпыс кітап жазсам, соның ішіндегі ең тәуірі» деп қызықтырып қойды. Екі бөлімнен тұратын кітап өзіне бірден баурап ала жөнелді. «Сын ғұмыр» - әдебиеттанушы, сыншы ғалымдар портреті, «Сын тұғыр» - әдебиеттану, сын жанры проблемалары!



1970 жылы боз-бала алып шаһар Алматыға оқуға келген күнінен бүгінгі күніне дейінгі шығармашылық процессін суреттейді. Әсіресе ұстазы профессор Бейсембай Кенжебайұлының ұлы істерін рухани ерлікке балап, тәппіштеп жазуы тәнті етті. «Егер де дарынды шәкірт көрсе тағатынан айырылатын, талапты жанды мәпелеп баулудан ерінбей-жалықпайтын жібек жанды, жұпар жүректі ұлы ұстаз Бейсекеңнің қамқорлығын, шикілі-пісілі бір мақала жазып, ол радиодан оқылса, мұны әдебиетке жатқызуға болса, онда мен әдебиетке міне осылай келген едім. Бұл – менің әдебиеттегі тырнақалдым! Алғашқы

адымым» деп әкей ағынан жарылады. Автор өзінің әдебиетке, әдеби сынға келуін, тұлғаға айналғанын рет-ретімен суреттей білген. Кітап оқымайтын бүгінгі ұрпаққа көркем шығармадан бұрын әдеби сын кітапты оқу неге керек деп ойлауыңыз бек мүмкін. Жауап, егер Сарасөзді оқымасам, «Абай жолы» романының жарыққа қалай шыққанын, Шәкәрімнің хикаясын, Едіге батырдың жырын, Сұлтанмахмұттың сорын, «Дала уәлаятының газеті» жарыққа қалай шыққанын, «Күншығыс халықтары кіндік баспасын» Нәзір Төреқұлов қалай басқарғанын, ояну дәуірінің әдебиетін, әдебиетіне адал қызмет еткен арыстарымыздың ерліктерін, тіпті, ғалым Б.Кенжебайұлы жасаған қазақ әдебиеті тарихының қалыптасқан жүйесін, 1965 жылдан бастап осы жүйе бойынша жоғарғы оқу орындары оқитынын білер ме едім... Профессор Б.Кенжебайұлының ерліктерін тәппіштеп әсерлі жазған Ергөбектің ерлігін мойындамасқа болмайды. Әсіресе біздің буын оқымысты буын емес. Осындай аласапыран сәтте әдебиет тарихын зерттеу мектебінің негізін салушы Б.Кенжебайұлының еңбектерін іздеп, бірін қалмай оқуға ынтызарлықты оятты...

Көрнекті қазақ балалар ақыны Әнуарбек Дүйсенбиевтің өсиеті сөз өнерінде жүрген қай-қайсымызға да есте сақтарлық дүние. Оны біздерге аманат етіп жеткізген авторға алғыс! «Баяғыда бір қанішер хан болыпты. Сол хан тарихта атын қалдыру мақсатында бір жылнамашы ұстапты. Хан жорықта, жылнамашы қасында. Жойқын соғыс, төгілген қан, шыққан жан дегендей. Күндердің күнінде жылнамашыны шақырыпты: «талай жортуыл жорықтарды өттік. Қане сен тарихқа кіретін не жаздың?» - деп сұрапты. Сөйтсе жылнамашы дәптері толы «қанішер хан ана елді жаулады», «мынадай кісілерді өлтірді» - деген сыңайдағы тізбелер екен. Ханның көңілі толмапты:

- Мұның не, мені сонша қанқұмар қылып көрсеткенің? – деді тікіленіп. Сонда жылнамашы:

- Сіз тек көзіңмен көрген шындықты ғана жаз демеп пе едіңіз?-дейді. Хан тұрып сонда:

- Керекті шындық бар, керексіз шындық бар. Бұл – бір. Екіншіден, мәселе – шындықты айтуда ғана емес, қалай айтуда. Осыны жадыңа тұт деген екен»...

Сөзімнің басында айтқанымдай Сарасөзді оқып отырып әр сөзі мірдің оғындай, аффоризмге бергісіз екен деп, бас шайқап өзімнің қойын кітапшама түртумен болдым. Кенет он төртінші рухани ерлікте Б.Кенжебайұлының күнделігін көне заман философтарында жиі кездесетін «Корманный оракул» (Ақыл қалта), Мәшһүр Жүсіптің «Месі» іспетті деп бағалапты шәкірті Құлбек Ергөбек. «Алма өзінің ағашынан алысқа түспейтінін» аңғартты. Ғалымның «Сарасөзі» де осыны меңзейді. Демек, Сарасөз бүгінгі күннің ақыл қалтасы деуге толық негіз бар. Бірнешеуін назарларыңызға ұсынсам артық болмас: «Ілім-білімін бірінің үстінен бірі арыз жазуға, ақыл-айласын қандасын құлатуға жұмсаған, қыранын тұмшалап, тұғырда ұстап, қарғасын қарқылдатқан қайран қазақтың қара мінезі», «Ерлік айқаймен жасалмас. Қарсылықтың бәрі қолға шоқпар ұстау емес. Ерлік – естелік, білімділік. Ерлік – желбуаз қызыл сөз емес, нақты іс-әрекет», «Адам баласы өзі біреуден жақсылық көрмесе өзі біреуге жақсылықты қайдан жасасын», «Асылында жақсылық, қайырымдылық – адам табиғатынан туындайтын тума қасиет. Әйтпесе, өзі жұрттан жақсылық көруден жалықпайтын, бірақ өзгеге сынық сүйем жақсылық жасамайтын, жасай қалғанда өз ауыл-үйі, жерлестерінен аспайтын, соның өзіне дардай болып жүретін пақырлар, аз ба арамызда? Көп қой, көп! Көп ондайлар! Ол да бір табиғат!», «Ойыңды күдікке алдырсаң, бойыңды кірге шалдырасың. Адам табиғаты әралуан. Әсіресе, соңғы кездері адам жаны кісі айтқысыз қасаң тартып кетті-ау. Сондықтан ойды жақсылыққа жеңдіріп жүрейік те, асылы. Қолдан келсе қазақтың баласын алаламай, бөлмей қайырым жасағанға не жетсін?!», «Төрде отырғанда кейін келген кісіге артық сәлем бергеніңмен орныңды берме» т.б. Бір сөзбен айтқанда «Сарасөз» кітабын оқымаған адамның жарты ғұмыры зая кетті дей беріңіз...

Сайыпқыран сыншының «Өлеңсөз», «Дарасөз», «Қарасөз» кітаптары да Сарасөзден бір кем емес... Соңғы жылдары жазушының өнімді еңбек еткенінің айғағы!

Жақсы дәстүрден көз жазып қалдық па?

Кітаптың тағы бір тебірентерлік тұсы ұстазы Тұрсынбек Кәкішевтен көрген жақсылығы туралы ерекше толғанады. Құлекеңнің өз сөзі: «Сонау жетпісінші жылдары әрбір редакцияда әдебиетке, журналистикаға жас талапкер алып келу, тұсауын кесу – жақсы дәстүр еді! Сонау жетпісінші жылдары әрбір студентінен болашақ ғалым, ақын, жазушы көру – әрбір ұстаздың бұлжымас дағдысы еді. «Қандай көгенкөздің көзін аштың?» - деп журналистер бір-бірінен сұраушы еді. Қазір қандай екен, сірә? Тұрымтай тұсымен болып кетпеді ме екен? Жақсы дәстүрден көз жазып қалып жүрген жоқпыз ба абайсызда?...» Әрине, бүгінгі таңдағы қоғамның жүрек ауыртар тұсын, бүлкілін дөп бастыңыз! Көгенкөздер қағажу көріп, кімді жағаларын, нені місе тұтарын білмей жүр...

Өз замандастарынан оқ бойы озық тұрған Құлбек Сәрсенұлы түрік халықтарының рухани астанасы Түркістаннан «Бейсембай Кенжебайұлының Түріктану музейін», «Түрік тілдес халықтар кітапханасын», «Түрік халықтары өнер галереясын» ашты. Құлекеңнің өз сөзі: «Түркістанда Бейсекеңнің туркологиялық музейін ашып жатқан ұрымтал тұста шәкірттері жарықтықтың кезінде жәрдем болар деп берген кітаптарын қайтарар... Адал сүт емген азаматтар еді ғой» деген базынасын осындай оралымды тұста жеткізе отырайын... Күллі түрік дүниясына ортақ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті студенттерінің бағына орай мәдени ошақтар қалтқысыз қызмет көрсетуде. Атына заты сай Құлбек әкей үлкендерге құлдай қызмет етіп, жасы кішілерге бек болып өз өңірінде мектеп қалыптастырып үлгерді.

«Сарасөз» кітабын оқудың алдында азды-көпті тәжірибеге сүйеніп журнал ашсам деген ойда жүр едім. Алайда журналға есім беру қатты толғантты. Кітапты оқығаннан кейін әсерінен айыға алмай жүрген күндердің күнінде Ұлық Алла санама ізгі ой салып тілім «Сарасөз» деп ұрандады. Ендігі мәселе ұлықсат сұрау керек!.. Құлбек Сәрсенұлы оңайлықпен келісім бермеді. Кітабының атында журнал шыққаны қуантатынын, алайда тағдыры қалай болады деп, ойланатынын айтты. Ұстаздың сөзі мойнымдағы жауапкершілікті еселеп жіберді... Арада 90 күн өткенде ғана келісім берді. 6 желтоқсан, 2016 жыл мен үшін тарихи күн! «Сарасөз – көне Үйсін мемлекетінің Күнби хандығынан тартып, күллі түрік халқының тарихын, кешегісі ғана емес, бүгінін, ертеңін жырлайтын, шежіредей сөйлететін әділ басылым болсын!» деп батасын берді. Міне, содан бері тынбай еңбек етіп келеміз. «Сарасөз» кітабының осылайша «Сарасөз» журналы ретінде екінші ғұмыры басталып та кетті... Міне, журналымыздың жарық көргеніне де жыл толды. Баянды болғай!

Кездікті уақытында қадірлемей, жоғалтып алып, сабы алтын еді деп өкініп жазылып жатқан мақалалар қазір көп. Классиктің көзі тірісінде қадіріне жету мендегі міндеттің бірі. Ергөбек қалыптастырған мектептің белді өкілі болашаққа асыл сөз аманатты арқалап аттанды. Ақ жол тілеңіз, ағайын!

Гүлжаз ҚАРЫБЕК



ЖЫР – ШАШУ

Мыңжан БАЙЖАНИН
Almaty

Алмас қылыш

Әдебиет сыншысы,
ғибратты ғалым,
ұлықты ұстаз
Құлбек көке ЕРГӨБЕКке



Сығырайған терезе,
Көлбеңдейді бір бейне...
Теріскейге... – телміріп,
Көз тігеді... – Күнгейге...

Құдық қазған инемен,
Тыншымайды бұл бейне...
Ескі Тұран даласы,
Көңіренер кей-кейде...

Дара ниет, арысым!
Әдебиет... – ар ісің...
Қызыл тілді қайрады,
Болат жігер – намысың!

Тағдырыңның тезінде,
Жолықтырдың танымды ер.
Кенжебайдың баласы,
Бейсенбайдай тәлімгер...

Өмірінде ешкімді,
Ұстазына теңгермей...
Бағып-қақты пір тұтып,
Әкесінен кем көрмей.

Батырлығы мың батпан,
Ұстаз-әке арлы адам.
Шыбын жанын аямай,
«Абай жолын» қорғаған...

Омарханның Мұхтары,
Мәңгі-бақи қарыздар.
Мағауия Мұхтары,
Ойы саумал – таңғы ызғар...

Таңғы ызғарды жылытып,
Жырауларды сөйлеткен.
Термелеген тарихтан,
Ақымызды дөй кеткен...

Бейсекеңдей біртуар,
Атасөздің құлжасы.
Балбал тасты тірілткен,
Жолдасбектің Мырзасы.

Тіл бәйгесі тасырлы,
Үлкен үміт үрледі...
Аламанның ақбозы,
Ергөбектің Құлбегі.

Шайқағанда кемені,
Тақсыреттің тар жолы.
Ықыласпен ысытты,
Әуезовтың Қабдолы.

Дәл айтқаны... – дауа бұл,
(Күрпілдетіп сауа біл...)
Жәдігері – жаңғыртқан,
Сырлы, сары самауыр...

Тергені һәм тапқаны,
Сырбаз сөздің сарасы.
Дүр сілкіді Йассыны,
Түркі Кітапханасы!

Аянбастан тер төкті,
(Алаңсыздық... – арға сын...)
Түркістанда тұтатты,
Өнердің өр ордасын.

Өнер галереясы,
Көне шаһар көркіндей.
Түркі Кітапханасы,
Жарасымды бөркіндей...

Жақсылықтың қадірін,
Жүрегімен шын ұқты...
Ұстазыңның мұрасы,
Мұражайы ұлықтың.

Таудай биік талғамы,
(Тамсанбайды, таңданып...)
Әдеби сын садағы,
Қызыл тілдің қанжары!

Тоқсан сөздің толғауы,
(Асаған-ды қалжа нақ)
Қалам-қылыш еншісі,
Алпыс кітап... – олжалап...

Таным қалай тартынбақ,
(Алға шабар алқымдап...)
Көкем қалам сілтейді,
Алмас қылыш жарқылдап...

(Жалықпастан жылжыған,
Жауабы жоқ сұраққа...)
Сала көрме, ақ көкем,
Қылышыңды – қынапқа!

Қазақ сөзін құлпыртып,
Бәйшешектей гүлдейсің...
Нар атандай наркеудем,
Есен-аман жүргейсің!

Тілдің ұққан құзырын,
Сөзі – ұзақ, жыры – ұзын...
Таңдайымнан кеппейді,
Қазы сіңген қымызың...

3 сәуір 2018 жыл.
«Тасқа шаптым тілімді...» кітабынан.



СӘБИТ МҰҚАНОВТЫ ТҮСІНУ ҮШІН

(ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ СӘБИТ МҰҚАНОВ ТУРАЛЫ СЫРЛАСУ)



(Соңы. Басы өткен санда)

Бұл да тамаша азаматтық екен. Әрі қарай Сәбит Мұқановтың отбасына оралсақ...

Арыстан, Марат, Алтай, Ботажан атты ұлдары, Баян, Жанна есімді қыздары болды. Бақытты отбасы боп тұрды. Ұлдар қайтты. Қыздар бар. Сәбит Мұқановтың айтатын бір сөзі бар: «Менің отбасым, қазақы қалпын сақтаған, урбанизацияға ұшырамаған отбасы» деп. Екі келіні қазақ қызы. Екі келіні орыс қызы. Екеуі де жақсы жандар. Үлкен ұлы Арыстан. Өнертапқыш. Алматыда ірі зауыттың директоры болған кісі. Арыстанның жары Ғабит Мүсіреповтың қызы - Энгелина. Өздері Ғалия дейді. Ғабең, еуропаша қалыптасқан жазушы ғой. Сондықтан, Энгелина деп қойған болуы керек қызының есімін. Қазақы, бірақ орыс тілді, өте жақсы кісі еді, марқұм. Энгелина Ғабитқызының : «Арстюк екеуміз папам мен мамамның қолында сегіз жыл бірге тұрдық. Сегіз жыл бағып-қақтық» дегені бар. Марат Мұқанов жаңа методология-ны игерген соны буын тарихшы ғалым еді. Соңына қызықты, ғылыми құнды еңбектер қалдырып бақилыққа аттанып кеткелі бірсыпыра уақыт. Ол Москвада оқып жүрген кезінде Мариям есімді испан қызына ғашық болады. Алмақ болып таныстырмақ ниетпен ата-анасына көрсетеді. Әдемі-ақ еді, шіркін!- дейтін Мәриям апай. Шет елдің қызына үйленуге рұқсат етілмеген. Марат махаббат машақатынан біраз «жынды» суға салынған. Кейін бір та-тар қызын алды. Ұрпақ болмады. Кейін Мәриям есімді қазақ қызын алды. Сәбит есімді ұл перзент көрді. Сәбит Маратұлы Мұқанов... Қаз МУ-да оқып жүріп, қаза тапты. Мараттан ұрпақ баянды болмады. Алтай әскери маман болды. Әйелі Ива-нова қаласының қызы. Ол қыздар қаласы атанған мекен. Ботажан 1937 жылы туған.



Қиын уақыт. Сәкен «Балаңның атын кім қойдың?-дейді. «Ботажан қойдым...» «Неге Бұзаужан қоймадың?» - дейді Сәкен. Эстет ақын Сәбиттей шәкіртінің тым қазақылау болмысын сынағаны болуы керек, абзалы. Ботажан Грузияның орыс қызына үйленеді. Мұрны сорайған, түр-келбеті орыс нәсіліне ұқсаңқырамайтын, Люда жеңгеміз келін болып түскен алғашқы күннен қазақша үйренгісі келіп еріне: «Мамама қазақша сәлем берейін. Қазақша сәлем қалай болады?» - деп есендесудің қазақшасын сұрайды. Ботажан: «Бар да: «Мама ақша бер!» -десең болғаны дейді. Люда төсектен тұрады да Мәриям апайға барып: «Мама, ақша бер!»-дейді... Мәриям апай: «Мына сорлы бала келін болып келмей жатып ақша сұрағаны несі деп ойланады. «Неге мұқтаж болып сұрап тұрсың ақшаны?» - дейді келініне. Грузиялық орыс келін Ботажанның алдағанын біліп санын соғыпты...

«Дүние шіркін, дүркін, дүркін, өтеді бір күн...» Сәбит Мұқановтың балалары өмірден өтіп кетті. Қазақы жатырда жатқандарынан тартып, орыс келіндерінен туған балаларға дейін «шүлдірлеңкіреп» барып, қазақы болмысқа бет бұрды. Бәрі де үйлі-күйлі, немерелі-шөберелі...

Жазушы жары – Мәриям апай жайында айтқанда Ғ.Мүсіреповтің ол кісіні «Мәриям әдебиеттің анасы» дейтіні бар. Сәбит Мұқановтай жазушыға қызметін бағалағаны. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Мәриям апай – Ел анасы» дегені тағы бар. Осының баршасы орынды сөз, орайлы бағалау! Менің құлағыма ер Баукеңнің(Момышұлы): «Егер Сәбит аға Мәриямдай сарамжал әйелге жолықпаса ұлылық биігіне жетер ме еді, жоқ па?» - деген үні құлағыма келеді. Жақсы жар – жазушының байлығы! Жақсы жар – ұлт байлығы! Жақсы жардан жарамды азамат туады. Жақсы жатырда жатқан бала – ұлттың ертеңі...

Сталинді мадақтап өлең жазған дедіңіз бе?

Несі бар? Сталинді уақытында ұлы тұтып, кемеңгер көсем санап жырлаған ақындар Советтер одағында жыртылып айырылатын. Грузияның мықты ақыны Георгий Леонидзе «И.В.Сталин» аталатын эпикалық поэма жазған. Ұмытпасам, поэмасына Лениндік сыйлық алған. Ә, айтқандай Ленин атында Лениндік сыйлық тағайындалғанын бүгінгі оқырман біле бермеуі де мүмкін... Болған сондай сыйлық. Ең биік сыйлық аталған. Әсіресе жазушы ағайындар жолында қырқысып өліп қала жаздайтын уақытында. КСРО басшысы Л.И.Брежнев өзінің кеудесіне тағып алды да Лениндік сыйлықтың қадірі бір күнде оңып жүре берді. КСРО құлаған соң ызым-қайым жоғалды... Біздегі секілді ғой. Мемлекеттік сыйлықты атақты халтурщикке беріп еді, мән-маңызы кетіп тынды... Қазір кімде-кім Мемлекеттік сыйлық алса, «Е, ана классик-халтурщиктен кейінгі жағымпаз, жалдап осы болды деп отыратын болдық!

Сәбит Мұқанов жарықтық, Сталинге өлең арнаумен шектелсе мейлі-ау. Қазақстанның сол кезгі басшысы Мирзоянға кітап арнаған... Жоғарғы кеңес басшысы Елтай Ерназаровқа мадақ өлең жазып, ұстазы Сәкен Сейфуллиннен ұрыс

естіген... Көп қой ондай жағдай... Адами осалдық қой.

Сонда Сәбит Мұқановты бүгінгі қазақ жазушылары секілді жағымпаз болған деуіміз керек пе?

Иә, тап солай! Жағымпаз. Кеңестік кезеңнің жазушыларының бірсыпырасы жағымпаз болды. Сталин өзін культ ету үшін жазушыларды солай икемдеді емес



пе?! Тіпті шет ел жазушыларын шақырып, жақсылап қонақ етіп, өзін сырт елдерде мақтататын болған Стекең...

Қазақстан басшылары болған Шаяхметов, Қонаевты да мадақтап өлең жазған шығар онда?

Жоқ. Олай етпеген. Сәбиттің жағымпаздығы – замана дерті. Ол кезде заман – қасірет заманы еді. Ол тірі қалу амалы дерлік болатын. Ал бүгінгі халтурщиктердікі нағыз жағымпаздық... Жұртты тура жолдан адастыру амалы... Абай айтпайтын ба еді: «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап...»-деп... Оларға басшылықтың қалай сенетініне таңмын. Халтурщиктің күндіз-түні ойлайтыны қарақан басының қамы... Басқа ештеңе де емес. Сәбит Мұқановтың жағымпаздығын олармен салыстыруға болмайды, ойбай! Екеуінің үш қайнаса сорпасы қосылмайды, ойбай! Халтурщиктердікі қатын ойбай, Сәбең жарықтықтікі халықтық ойбай!

Сәбит Мұқанов Сталинге жағымпазданса – жаны үшін, халқы, ұлты үшін жағымпазданады. Есесіне кейде оңдырмай сынайтыны болады.

Онеро де Бальзак өзін француз қоғамының хатшысымын деген. Сол секілді Сәбит Мұқанов та өзінің бар саналы ғұмырын қазақ қоғамына арнаған адам. Ұлтын сүйді, қазағын шексіз жақсы көрді. Совет өкіметі, кедей табы деп жарғақ құлағы жастыққа тимейтін ол туған халқы үшін өз кезеңіндегі басшылардың қай-қайсысымен де ұстаса кетуге, сайыса жөнелуге дайын тұратын. И.В.Сталинді әшкерелеуге, Н.С.Хрущевті сынауға Сәбеңдей атсалысқан жазушы жоқ қазақта. Сол Стекең ұнатып оң жағында ұстаған Ж.Шаяхметовті «Тыңдағы толқындар» романында Шайгөз Амандықов атап, қазақ жерін тың игеру себебімен ту талақайын шығарды деп қатты сынаған Сәбит Мұқанов! Хрушев Республика басшылығынан Д.А.Қонаевты ығыстырып, орнына И.Юсуповты отырғызғанда қарсы болып сөйлеген, конфликт өрбіген сәтте (Жазушыға салынатын жеке үйдің қаржысын тоқтатып тастағанда), Орталық Комитеттің мүшесі ретінде еркін кіріп, столындағы мәрмәр сауытпен Исмайыл екеңді сұлата жаздаған Сәбит Мұқанов! Өзі қолдап, қорғап жүрген Қонаевты Теміртауда көтерілген жұмысшыларға оқ атылғанда Жоғарғы Кеңесте аймандай қылып сынайтын тағы да Сәбит Мұқанов!

Міне, Сәбит Мұқановтың шын жазушылық, қайраткерлік, кісілік келбеті!

Қиын да қызық тағдыр екен де Сәбит Мұқановтың тағдыры! Сіз осындай қайшылықты тұлға, қазақ әдебиеті классигі Сәбит Мұқанов әдеби мұрасын ыждаһаттылықпен

зерттеп, шығармашылық тағдырын табысты талдап келесіз. Азапты әрі ләззатты шығармашылық процесстің қаламгерлік құпиясын қаншалықты аша алдым деп ойлайсыз?

Әзелден жазушы жұмбақ жаратылыс. Ұлы Абай айтпас па еді: «Мен бір жұмбақ адаммын...» - деп. Жазушы, негізі алдымен өзін жазады. Сәбең, кейіпкерлеріне өзінің жан дүниесінен байлық бөліп бере білген ірі жазушы. Жазушы, жұмбақ дедік, жұмбақты ақи-тақи ашып тастау әсте мүмкін емес. Онда, ол жұмбақ болмағаны. Біз, кейде ойын күлкімен жүретін азаматтарды қайғысы жоқ, бақытты азамат деп ойлайтынымыз бар. Бұл сырт көрініс. Олай емес қой бірақ. Жалпы адам жұмбақ. Жазушы, тіпті жұмбақ. Мен жазушының шеберханасына оның дүниетанымы арқылы келдім. Эпистолярлық, мемуарлық дүниелерін ыждағаттадым, айтқан әңгімелерін, замандастары естелігін жазып алдым. Естеліктер жаздырып Сафуан Шаймерденов аға екеуміз «Кәдімгі Сәбит Мұқанов» аталатын естелік кітабын шығардық. Сондай материалдардан «Сәбит тағылымы» аталатын кітап жинақтадық. Жазысқан хаттары ізімен сапарларға барып, кейіпкерлерінің жан дүниесіне үңіліп, жазушының шеберханасын бірсыпыра аштым. Жазушының өмірін, шығармашылық тағдырын шеберханасы арқылы зерттеуге жарты ғұмырымды арнаппын. 5 кітабым шықты, 200-300 дей мақала жаздым. Мұнымды Сәбеңнің замандастары өте жақсы қабылдады. Әбділда Тәжібаев, Сәбит Мұқановты көзін тауып жазып жүргенім үшін, бауырына тартып жақсы көрді. Замандастарының қайқайсысына да орайын тауып зерттегенім үшін сүйкімді көріндім.

Зерттей берсе Сәбеңде жазатын мәселе көп-ақ. Орыс секілді жазушылық мәдениеті ғасырлап қалыптасқан ұлтта бір тұлғаны бірнеше адам зерттейді. Бір А.С.Пушкиннің айналасында 700 адам кандидаттық, докторлық диссертация қорғаған дейтін ана жылдары. Ту бастауынан түсіп Стелла Абрамвичке («Пушкин 1836 жылы..» аталатын кітап жазған) дейін бір сүзіп шыққан еді. Өйткені әдебиеттегі тұлғатану А.С.Пушкинді танудан басталады. Бір Л.Н.Толстойды Ермилов, Фортунатов секілді бірнеше маман зерттеді. Лабораториялық зерттеушілерді ғана атап отырмын. Бізде бір тұлғаны зерттеумен көп болса бір не екі адам ғана айналысады. Қазіргі таңда Сәбит Мұқановтың бірден-бір зерттеушісі ретінде мойындалған адаммын. Оған бір жағы қуанамын, бір жағы жаным құлазып ызаланады.. .



Неге?

Сәбит Мұқановты, неге жалғыз Құлбек Ергөбек зерттеуі керек? Ергөбектің Мұқановты зерттеудегі жетістігі де, қол жеткізе алмаған кемшілігі де зерттелуі керек. Мұқановты, бүгінгі оқырманға етене ететін, сүйікті ететін жаңа зерттеушілер шықса, деп армандаймын.

Шығармашылық шеберхана! Өзіңіз айтқандай бұл – шет ел әдебиетінде бар, әбден орныққан, қалыптасқан зерттеу саласы. Қазақ әдебиеттану ғылымында неліктен дамып кете алмай келеді?

Шеберхананы зерттеу қиын. Шеберхананы зерттеу - үш этаптан тұратын дүние. Біріншісі, шығарманың жазылу тарихы, бір шығармамен шектелуге болады. Екіншісі, шығармашылық шеберханасы. Мұнда барлық шығармасын қарастыруың керек. Үшіншісі, жазушылық психологиясы. Ол үшін адам ретінде де, психология ілімінің әдісімен келуің керек, философиялық



тұрғыдан келуің керек. Бұған, тек әдебиетші болу аздық етеді. Бір жазушының еңбегін қарастыруда осыншалықты азапты бейнетті дүниеге ешкім де өзін байлағысы келмейді. Аз болатын себебі сол. Маған дейін де қазақ әдебиетінде шығармашылық шеберхана зерттеудің әп-әдемі үлгілері болған. Филология ғылымының кандидаты, Серік Мақпыров «Ботагөз» романының шеберханасын сәтті қарастырған. Жапжақсы дүние. Зәки Ахметов, «Абай жолы» романының жаратылысын, образдар жүйесін методологиялық биікке көтеріп отырып ашқан. Жанғара Дәдебаевтың «Жазушы еңбегі» Мұхтар Әуезовтің шеберханасын әдемі ашады. Тұрсын Жұртбай, Талапбек Әкімов те «Абай жолы» романына белгілі бір жанр жүйесімен келеді. Әуезовтің айналасында бірсыпыра зерттеулер бар. Санк-Петербургте 1980 жылдары «Мейлах зерттеу мектебі» деген болды. Жазушы тағдырын шығармашылық психологиясы тұрғысынан қарастырудың асқан қызықты үлгісі болатын. Кудрявцев «Достоевскийдің үш айналымы» аталатын қызықты зерттеу жазған философ. Жазушы жұмбағын шешуге деген талпыныстың бір үлгісі міне, осы философиялық зерттеу!

Бүгінгі жазушыларға Сәбит Мұқановтың несі жетіспейді, нені үйренуі керек?

Сәбит Мұқанов бар қайшылығымен қазақ әдебиетіндегі жазушылық мектептің ірі тұлғасы. Мұхтар Әуезовтен, Ғабит Мүсіреповтен, Әбділда Тәжібаевтан, Қасым Аманжоловтан үйренетін ақын-жазушылар, Сәбит Мұқановтан да үйренуі керек. Сәбит Мұқановтың дүниетанымы, эпикалық ойлау жүйесі мейлінше кең. Бір қоғамның бүкіл тынысын бір романға сыйғызып бере білетін жазушы. Мұқановтың осы шеберлігі, алымды-шалымдылығын бүгінгі жазушылар үйренсе, шіркін! Өзі коммунист, белгілі бір дәрежеде Алашордаға қарсы бола тұра, өзінің ұлтын өлердей сүйген адам. «Коммунист Сәбит Мұқановтың ұлтшылдығы» деген мақала жаздым. «Егемен Қазақстан» газетінде бір бет боп шықты. Бүгінгі біздің жазушыларға жетпейтін осы болуы мүмкін. Мұқановтың осы позициясын үйренсе жарасар еді...


Сіздің әңгімеңізге қарағанда Сәбит Мұқановты түсіну қиынның қиыны секілді ғой, аға?

Сәбит Мұқановты түсіну үшін бір түйеге жүк боларлық тұз жеу керек, қарағым!

Гүлжаз ҚЫДЫҚБЕКОВА,
Түркістан қаласы

ТҰЛҒА-ТӘБӘРІК

ҚАЗАҚ теңгесінің СӘУЛЕТШІСІ КІМ?



Санғасырлық тарихы, терең мәдениеті, бай дәстүрі, шұрайлы тілі бар қазақтың жалпы адамзат тарихындағы айқын ізі айқындала түсуде. Осыдан жиырма жеті жыл бұрын орыстың бодауынын босап шығып, еркіндігімізге сенер-сенбесімізді білмей, сергелдең күй кешкен күндердің бірінде: «Қазақтың «Теңге» дейтін төл ақшасы шығыпты. Бұл – біздің нағыз еркіндігіміздің белгісі!» – деген сүйінші хабар қазақ даласын аралап, Алтай мен Атыраудың, Қаратау мен Алатаудың арасы ұлы думан, ұлан-асыр тойға ұласты. Бұл – 1993 жылдың 15 қарашасы болатын.

Ұлттық валютамыздың өмірге келуі – қазақ елінің толыққанды тәуелсіз ел екенін төрткүл дүниеге паш етті. Ұлттық теңгемізден қазақтың ұлы тұлғаларының табылуы – ұлттық құндылықтарға әбден кенезесі кепкен қазақ халқына кәусар су құйылғандай сауапты іс болды. Жас мемлекеттің өзіндік экономикалық үрдісін қалыптастырып, оны тұрақтандырып, экономикалық өрлеу мен қаржылық тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін ұлттық валютамыздың рөлі орасан зор.

Міне, осындай ауыр міндетті арқалаған теңгемізден ұлттық иісіміздің аңқып тұруы – ұлтымыздың тарихында алтын әріптермен жазылар ұлағатты шаруа. Әлемдегі технологияның ең озық үлгілері мен бейнелеу шеберлігінің аса нәзік кәсібилігін қажет ететін ақша жасау өнері – жүзден жүйрік саңлақтардың ғана маңдайына жазылған, таланты тас жаратын таңдаулылардан ғана қолынан келетін өнердің төресі. Әлемнің алдыңғы қатарындағы Англияның өзінде ақша жасау саласы бойынша он сегіз ғана суретші мен кескіндемеші бар. Осындай адамның өресі мен өнердің төресінің шыңы – Қазақстанда алғаш кімнің еншісіне бұйырғаны сол кезде мемлекеттік құпия болып саналды...

Бір анығы, төл теңгесін қолына алған қалың жұртшылық: «Ұмыт бола жаздаған бабаларымызды қайта тіріліткендей, өліп бара жатқан рухымызда қайта оятқандай болған

азаматтарымыздың ғазиз бастары жалғанда қолдары жамандық көрмесін! Қолдарының қасиеттері кемімесін!» – деп, аты-жөнін білмейтін жігіттердің сырттарынан сүйсініп, баталарын беріп жатты. Сол баталы ерлердің бірі, төл теңгеміздің тұңғыш авторы, «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының Президенті, Әлеуметтік ғылымдар академиясының құрметті академигі Хайролла Мағауияұлы Ғабжалилов болатын.

Хайролла Мағауияұлы тарих таразысына тартылатын қасиетті жұмыстың басына кездейсоқ келген жоқ. Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалып, аңыз болып айтылатын абыройлы іс – тегін адамның қолынан келмейді. Қазақ топырағы талантты қылқалам шеберлеріне кенде болмаған. Әйткенмен, тағдырдың тартуымен басқаның емес, дәп Хайрекеңнің осынау ауыр міндетті арқалау себебінің сыры – оның ерекше еңбекшілдігінде, жалықпайтын ізденушілігінде, айрықша аңғарымпаздығында, тал-ғампаз талантында жатыр. Әкесінің тәлімді тәрбиесін көрген Хайролланың өнер мен білімге, ұлты мен жұртына деген сүйіспеншілік қасиеттері жөргегінде жүрегіне сіңді. Жаулықсыз тамақ пісірмейтін тақуа ананың ақ сүтінен нәр алған Хайрекең жастайынан зерек әрі алғыр болып өсті...

Білімге деген құштарлығының арқасында мектепті үздік бітіріп, Самарқанд қаласындағы мемлекеттік сәулет-құрлыс инситутына оқуға түсті. Асқақ арманы жетелеген жалынды жігіт көздеген оқу орынының білім айдынына құлаш сермеді. Биік арман, жоғары талап, тынымсыз еңбек адамды алға жетелей берді. Талапты жас Еуропаның төрінен бір-ақ шығады. Прага қаласындағы әлемнің ең үздіктері ғана бас қосқан суретші-сәулетшілер мектебінде тәжірибеден өтті. Туған топырағынан алыстап, биікке қанат қаққан қазақ баласының жүрегін: «Қазақ ұлтынан да мықты сәулетші, шебер суретші шықса екен. Қазақ даласында әлі тамыр тарта қоймаған осы өнерді дамытып, қыл қаламыммен ұлтымды әлемге танытсам екен» – деген кіршіксіз, асыл арман әлдилей түсті.

Ұлы мұрат – үлкен еңбекпен ұштасып, өз жемісін берді. Шетелден терең білім алып, мол тәжірибе жинақтаған Хайролла елге оралып, еңбек майданында өзін танытуға мықтап бел байлады. Әсем қаламыз Алматының көркем құрылыстарын жобалау жұмыстарында Хайролланың қолының ізі қалып, маңдайының тері сіңді. Жаңатас қаласының әдемі келбетінде де Хайрекеңнің көркем қолтаңбасы жатыр. Хайролла үнемі нәзік суреттер салып, көркем жазу шеберлігін арттырып, безендіргіш-суретші болып жетілді. Кезкелген қылқалам шеберінің жүрегі дауалай бермейтін талғампаз өнерді меңгеру үшін инемен құдық қазғандай азапты ізденістің, ауыр еңбектің, түптің-түбінде, ұлт мүддесіне жарап, елдің абыройын сақтап қалатынын кім білген?!.



Қазақ елі тәуелсіздік туын тіккен тұста Хайролла төл саласы бойынша алдымен ауызға іліккен, кәсіби пісіп-жетілген майталман маман еді. Еркіндік есік ашқанымен, есін жиып, етегін жауып үлгермеген қазақ ұлтының мәңгілік мүдделері әлі де қыл үстінде тұрған қиын кезең болатын. Кешегі ортақ шаруашылығы қирап, экономикасы тізерлеп-тұралаған, елі мен жерін қорғар әскері де жоқ, шекарасы ашық-шашық үңірейген Қазақ Еліне жылдам жігер жинап, ел қатарына ілігуі үшін шаруашылықтың әр саласының шынайы мықтылары керек болды. Әсіресе, өзіміздің экономикалық жүйемізді құру – кезек күттірмейтін мәселе еді. Ал, экономикалық тәуелсіздіктің негізі –

ұлттық валюта болатын. Осындай жауапты да өтпелі кезеңде ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев төл теңгемізді жасап, айналымға енгізу бұйрығына қол қойды. Құпия түрде теңгеміздің жобасын жасап, суретін салатын төрттік құрылды. Хайролла Мағауияұлы осы төрттікті басқаратын Ұлттық банктің өкілі болып бекітілді. Сәулетші Тимур Сүлейменовпен бірігіп, «Қазақстан дизайн орталығын» құрды. Ақша жасау өнері – Хайролла үшін жаңа жоба, тың соқпақ болғанымен, өмір бойы жинаған суретшілік пен сәулетшіліктің мол тәжірбиесіне сүйеніп, мемлекет тапсырмасын орындауға бел шеше кірісті.

Уақыт – аз, міндет – көп. Құланиектеп атқан таңнан, қызылшапақ кешке дейін үстелден бас көтеруге мұрша келмейтін ауыр еңбек басталды. Бір күні Тимурдың, келесі күні өзінің үйінде бас қосып, болашақ теңгенің нобайларын жасады. Тоқтаусыз зерттеліп, үздіксіз талқыланған банкноттардың негізгі идеясы мен құрылымын Ұлттық банк төрағасына ұсынды. Хайролла басқарған топтың ұсынысы толық мақұлданып, төл теңгенің авторлық құқығын дизайнерлік топ өз мойнына алды...

Ақша жасау – ұқыптылық пен төзімділікті, ізденіс пен табандылықты қажет ететін өте нәзік өнер. Археология бойынша кітаптар мен альбомдар жиналып, тарихи кітаптар том-томымен ақтарылып жатты. Бір мемлекеттің төл теңгесін жасаудың жауапкершілігі – аса ауыр болды. Теңгенің көлемі мен көрінісін айтпағанда, оның қорғаныс жүйелерінің, ұлттық өрнектерінің қалай жасалып, қалай қойылуы – орасан еңбектің оннан бір бөлігі ғана еді. Үздіксіз ізденіс пен телегей төгілген тердің арқасында 1992 жылдың 27 тамызында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі төл теңгеміздің үлгілерін бекітті.

Алғашқы қамал алынды. Келесі қадам – ұлттық валютамызды әзірлеу. Ұлттық банк басшылары келісім-шартқа отырған Лондонның «Харрикейн және оның ұлдары» фирмасымен бірлесіп, Хайролла бастаған суретшілер теңгенің алғашқы нұсқасын даярлады. Қапияда кездескен қаншама қиындықтарға қарамай, Хайролла бастаған суретші-дизайнерлер тобы 1993 жылдың 13 қарашасында төл теңгемізді айналымға шығарды.

Қазақ өзінің төл ақшасын қолға алды. Ғасырлар бойы бабаларымыздың шабылған бас, төгілген қанымен; аққан жас, сөгілген қабырғасымен келген егемендігіміз – анық қолымызға тигендей, айрықша әсерде болдық. Елге шын еркіндік енді жетті. Енді ешкімге жалтақтамаймыз: өзіміздің қазақ басшымыз, өзіміздің шекарамыз, өзіміздің әскеріміз, әнұранымыз бен төл теңгеміз бар...

Қадым тарихтан сыр шертіп, қазақтың батырлығы мен ақындығын, күйшілігі мен көсемдігін, ғұламалығы мен данышпандығын қазақтың тұңғыш теңгесінде бедерлі бейнелеген Хайролла перзенттік парызын адал атқарып, ұлтына қалтқысыз қызмет етті. Ақтөбенің ақшаңқан ауылынан түлеп-ұшқан қазақтың қарапайым баласы теңге арқылы әлемнің барлық банкирлері мен миллиондаған адамдарына қазақтың қазыналы болмысын, ұзақ та бай тарихын таныттты.

Нендей іс-әрекетінде де ұлтын ұлықтаған Хайрағаң барлық жұмысын қазақтың мүдде-тұрғысынан екшеді. Өз қаражатымен 2005 жылы «Алаш» тарихи-зерттеулер орталығының шаңырағын көтеріп, тағы бір даңғыл жолдың қақпасын ашты. Бұл – айыл-тұрманы сақадай сай, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қолайлы жағдайлар жасалынған, тәуелсіз еліміздің тарих ғылымына тыңнан түрен салған тұңғыш, заманауи орталыққа айналды. Сөзі аз, ісі мығым Хайрекеңнің жалғыз тындырған істерін мемлекеттің бүтін бір саласының игере алмай жатқаны рас. Орталықтың кітап қорында еліміздің ешбір кітапханасынан табылмайтын тарихи жанрдағы және қазақтың шежірелері жайлы үш мыңнан астам кітаптар жинақталған. Тіпті, XYI-XYII ғасырларды қамтиын құнды кітаптар бар. Орталық «Қазақ ру тайпаларының тарихы» атты отыздан астам ғылыми-зерттеу еңбектерін жарияланып үлгерді. «Алаш» тарихи-этнологиялық журналын шығарды.

Төгілген тер, жұмсалған қаражат далаға кетпеді. Айналасы он-он бес жылдың ішінде әлі ешкімнің ізі түспеген ру-тайпалардың тарихын жазып шығу – үлкен еңбектің бодауы. Бүкіл саналы ғұмырын ұлтының жолына садақа еткен Хайролла ағамыз бұнымен де тоқтап қалмақ емес. Ел үшін еткен еңбек еленіп, Мұстафа Кемел Ататүрік атындағы Халықаралық білім және ғылым қоры Хайролла Ғабжалиловты ғылым мен мәдениетке сіңірген еңбегі үшін «Ататүрік» алтын медалымен марапаттады.

Еркін қазақ елінің дербес ұлттығын, еркіндігін, егемендігін, тәуелсіздігін, бостандығын айқын дәлелдеген ҚАЗАҚ ТЕҢГЕСІНІҢ авторы – Хайролла Ғабжалилов туған ұлтына сіңірген аламан шаруалары үшін қандай атақ-мансапқа да лайық азамат.

Әл-Мансұр СҰЛТАН,
Алматы-Астана-Түркістан.

Брайан Трейси:

МАҚСАТЫҢДЫ АНЫҚТА



Брайан Трейси – әлемге танымал бизнес тренерлердің бірі. Канададан шыққан американдық мотивациялық спикер. Әлемнің бірнеше тілдеріне аударылған өзін-өзі дамыту туралы 70-тен астам кітаптың авторы.

Мен, дүниенің қай түкпіріне барсам да, кедей отбасынан шығып және өте бай планетадағы ең ықпалды адамдардың біріне айналуға мүмкіндік тапқан адамдарды кездестіремін. Бұл адамдар жоқшылықтан, өмірде өкініп және үміттерінің бір жолата үзілуінен, қоғамдағы ықпалды, табыскер адамдарға дейінгі жолды жүріп өткен.

Мысал үшін алысқа бармай-ақ мен өз өмірім туралы айтып берейін. Мойындау керек, мен тіпті, орта мектепті де бітірген жоқпын. Мектеп бағдарламасының жартысын ғана оқыдым, негізгі пәндерден нашар бағалар алдым. Мен мектепті тастап кеттім. Тапқан жалғыз жұмысым шағын қонақ үйдің асханасының ыдыс-аяғын жуу болды. Бұл жұмыстан айырылғанда, көлік жуатын жерге жұмысқа тұрып, көлік жудым. Бұл жұмыстан да айырылып офистердің едендерін жудым. «Жуу» менің маңдайыма жазылған, бұл менің болашағым деп ойладым. Былайша айтқанда, жастық шақтағы, «жолым болмай қалды» - деген сөз, бір орыннан, бір орынға амалсыз ауысқаныңды ақтау үшін айтылған жай ғана сылтау. Шын мәнінде бұл, өзіңді әр салада сынайтын уақыт. Мені талай рет жұмыстан қуып шықты. Бір орыннан, бір орынға көшіп жүрдім. Кейде мен, бір тиынсыз қалатынмын. 18 жасқа толғанда, мені үйден қуып жіберді. Осыдан кейін мен ата-анамды он жыл көрмедім.

«Менің тағдырымды өзгерте алатын бірнәрсе болуы мүмкін бе?!»

Мен өзімнің автокөлігімде тұрдым. Қыста да жазда да сонда ұйықтадым. Көлігім ескі еді. Үнемі бұзылып қала беретін. Мен әрдайым өзіммен бірге әртүрлі құрал-жабдықтар алып жүрдім, себебі көлігімді жиі жөндеуге тура келетін. Жолдың жиегінде, қирағыш көлігімнің астында, оны жөндеу үшін аз жатпайтын едім. Әйтеуір анда-санда жүріп-тұру үшін маған оның әртүрлі детальдарын, қосалқы бөлшектерін ауыстырып, қатайтқыштарын, қосылған жерлерін қатырып отыруға тура келетін.

Осылайша мен бір жұмыстан бір жұмысқа ауысып отырдым. Құрылыста да істедім, жүк тасушы да болдым, фабрикада болт, гайка бұрадым, жүк кемесіне теңізші болып Солтүстік Атлантикаға да бардым. Мен 23 жасқа толғанымда егін шаруашылығына жұмысқа орналастым. Сарайда ұйықтадым, егіншілердің отбасымен бірге тамақтандым. Күзге дейін жақсы егін жинау үшін, таңның атысы, күннің батысы дем алмастан жұмыс істедім. Менде білім жоқ еді, ешқандай мамандығым да өнерім де болмады. Егін жинап болғаннан кейін жұмыссыз қалатымын.

Бірде, көңілім қайтқан шақта, үмітім мен жоспарларым быт-шыт болған бір кезде мен ойладым: «Менің тағдырымды

өзгерте алатын бірнәрсе болуы мүмкін бе?!»

Енді қазір, мен теледидар мен радиодан шығып сөйлеп, интервью беріп жүрген уақытта адамдар менен жиі сұрайды. «Сіздің бетбұрыс жасауыңызға себеп болған қандай сәт?», «Төңкеріс қай кезде болды?», «Сіздің өміріңізді өзгерткен не нәрсе?». маған, бұл сұрақтарға жауап бере салу оңай емес. Менің білетінім өте көп. Мен мыңдаған кітап, он мыңдаған мақалалар оқыдым. Көп жыл қатарынан жұмыс істедім. Көбіне тәулігіне 12-15 сағат, аптасына жеті күн, кейде екі-үш жыл демалысқа да шықпайтынмын. Кей кездерде менің бетім зорығу мен шаршағаннан, көгеріп кететін. Сонда менің тағдырымды шын мәнінде, не нәрсе өзгертті?

Менің өміріме үш төңкеріс сәттері болды. Мұны өзіңіздің оңға бұрылып, сосын тағы да оңға бұрылып, сонан кейін ғана жаңа бағытқа түсіп кетіп бара жатқаныңызбен салыстыруға болады. Ең алғашқы шешуші кезең, өз өмірімнің жауапкершілігін мойындағанда болды. 20 жасымда көп жағдайда жолым болмады. Зауытта жұмыс істедім. Қалтамда бір тиын да қалмаған, тоңған күндерімде болды.

Бақытыма орай, бір кездері мен, өмірімде болатын барлық жағдай тек маған ғана байланысты болатынын түсіндім. Мені құтқаруға ешкім де келмейді, мен үшін ешкім еш нәрсе істемейді. Ешкім де менің жағдайымды ойлап уайымдамайды. Мұны түсінгенге дейін, мен барлығын кінәлайтынмын ата-аналарымды, бастығымды, экономиканы, білім беру саласын, өзімнің қателіктерімді. Кейін мен түсіндім, адамның шыққан жері ешқандай рөл ойнамайды. Жалғызақ шын мәнінде маңыздысы, сенің қай бағытқа бара жатқандығың, не нәрсеге талпынатындығың. Мұнан кейінгі менің басымда болған жағдайлардың мені өткеніммен ешқандай байланысы жоқ. Ендігі барлық болатын жаңалықтар тек қана болашақпен байланысты. Бұл өмірімдегі, күрт өзгеріс болған кезең еді. Бұл өз өмірімнің тізгінін өз қолыма алып, бірінші бұрылыс жасаған кезім.

Мен өмірімде екінші жарылыс жасадым.

Үш-төрт жыл өткесін, ол кезде 25-ке таяп қалғамын. Мен өмірімде екінші жарылыс жасадым. Мен шын мәнінде, өзім үшін, мақсат деген сөздің мағынасын аштым және ол маған нағыз трамплин болды. Мен кітап оқи бастадым. Оларда «өз қалауыңды анықта, оларды жаз, жоспар сыз және онымен күн сайын әрекет жаса» деп айтылған. Бұл қиын емес еді. Сол себептен мен бір парақ қағаз алдым да орындауға ниет қылдым. 5-6 мақсатымды жаздым да оны бір шетке қойып қойдым. Осыған орай айта кететін болсам, ол уақытта мен бір шағын, арзан бөлмеде тұратынмын. Ол жерде менімен бірге тағы бірнеше адам жайғасқан еді.

Бір айдың ішінде менің өмірім мүлде өзгерді. Бір-ақ айдың ішінде менің айлық табысым өсіп кетті. Өз ортамда үлкен табыстарға қол жеткіздім. Мені қызметте жоғарылатты, менеджер болдым, қол астымда 23 адам болды. Мен жатаханадан пәтерге ауыстым. Бұл, шын мәнінде таңқаларлық жағдай еді. Ең бір ғажабы бұл өзгерістердің бәрі, бір парақ қағазға жазған мақсаттарыммен дәл келетіндігі. Мұны, жоғары кернеулі электр тоғын ұстағанмен салыстыруға болады. Егер мақсатыңызды жазуды бастасаңыз, сонда сіз, шын мәнінде өміріңізде болып жатқан жәйттерге таңғалатын боласыз. Сонымен бұл менің өмірімнің екінші шешуші кезеңі болды.

Менің өмірімдегі, маңызды рөлді ойнауын тоқтатпаған үшінші бетбұрыс нүктесі ол - өзіңнің нені қаласаң үйрене алатындығыңды сезіну, мақсатқа жетуге қажет болатын кез келген өнерді меңгеру.

Егер сіз алдыңызға, бұрын ешқашан талпынып көрмеген мақсат қойсаңыз, онда сізге оған жету үшін, бұрын қолыңыздан келмеген нәрсені үйренуге тура келеді. Сізге бұрын істемеген нәрсені, істеп көру керек, бұрын ондай болмаған болсаңыз енді сондай болу қажет болады. Үшінші шешуді ойды түйсінгеннен кейін мен, өмірімнің соңына дейін оқимын деп шештім.

Мен өзіме жауапкершілік деген түсінікті қабылдадым. Кінәні біреуге аудара салуды, өкінуді, өзімді ақтауды, шағым жасауды, біреуді кінәлауды тоқтаттым. Мен өз мақсатыма қол жеткізу үшін нені қалайтынымды, нені үйренетінімді дәл анықтадым.

ҒҰЛЖАЗДЫҢ ҒҰЛДІ ДАСТАРХАНЫ





Қазақтың дастархан мәзірі – ұлтымыздың даналығының сарқылмайтын тұнық бастауы ғана емес, ұлтымыздың саушылығының кепілі. Қазақтыңтағамдарының тарихы мен әзірлеу әдістері – айрықша қызық өнер. Бүгінде ұлттық тағамдарымызды дайындаудың ғасырлар бойы қалыптасқан технологиясы сақтала бермейтіндіктен, құрт жасау кезінде оны мөлшерінен артық қайнату – бойындағы дәрумендерді жойып жібереді екен.

Жасалу технологиясы қатаң сақталғанда ғана ұлттық тағамымыздың даңқы асқақтап, адам денсаулығына пайдалы қасиеті сақталмақ. Басқа ұлттың өкілдеріне дейін тамсана жейтін асымыз құрт, шындығында, ұлттық брендіге сұранып тұр. Сондықтан, құртты туристік кластердің бір бағыты ретінде дамытып, туристерге ұсынып, шекарадан алып шығатын тағам ретінде танытсақ, еліміздегі мал шаруашылығының дамып, ұлттық тағамымыздың кең танылуына мүмкіндік туады.

Қазақы тағамдардың жасалу технологиясына қатысты тағы бір мәселе – қазақтың әзірленетін қымызының ыдысын жиі ауыстырып отыру арқылы ата-бабаларымыз қымыздың табиғи дәмінің сақталуын қамтамасыз еткен. Олай етпесе, кез келген ұлттық тағам өзінің табиғи қасиетін жоғалтады.

«ГҮЛЖАЗдың гүлді дастарханы» атты жаңа айдарымызда қазақы тағамдардың түйінді мәселелерінің шешілу жолдары да сөз болады.



ҚАРЫНБӨРТПЕ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Дәмі ерекше, өкінішке қарай, соңғы кезде ел арасында сирек дайындалатындықтан, ұмытыла бастаған тағамдарымыздың бірі – қарынбөртпе.

Қарынбөртпе – жаңа сойылған малдың етін, майын, бауырын қосып, ұнмен араластырып, қарынға салып пісірілетін ұлттық тағам. Сойылған қойдың ішмайын, етін, бауырын өте ұсақтап турайды. Тартылған еттің (фарш) үстіне бидай ұнын, сарымсақ, бұрыш, тұз салып, жақсылап араластырады. Дайын болған тартылған етті (фарш) қарынға немесе бүйенге салады.



ЖАРМАҚҰРТ ҚАЛАЙ ЖАСАЛЫП, ҚАЙНАТЫЛАДЫ?

Құртты дайындау үшін сүттен мол айран ұйытып, ішкеннен қалғанын үлкен ыдысқа жинай береді. Жиналған айран 50-100литр шамасына жеткенде, оны сабаға (арнайы мал терісінен тігілген ыдыс) құйып, піспекпен (ағаштан жасалған піспек) ұзақ уақыт майы ажыратылғанша пісіп, майын (сары май) бөлек алады. Сол кезде майы ажыратылған айран сұйылып, шұбат сияқты күйге айналады. Оны «іркіт» деп атайды. Іркітті қазанға құйып, ұзақ қайнатады. Он «құрт қайнату» дейді. (Құртты қайнап тұрған кезінде қасық сыртымен көбігін жалау, ыстықтай сары май сапырып ішу өз алдына бір ләззат...).



Ұзақ қайнаған іркіттің сары суы ажырап, құртқа айналады. Сосын, сүзгішке (арнайы тігілген) құйып, сары суын ажыратып сүзеді де, құртты сүзгіден шығарып, жіппен бөліп, үстіне ши төсеп жасалған өреге жайып, кептіріп алады.

Сары суды – көптеген ауыруға, асқазан, ағза жолдарын тазалауға қолданады. Сиыр, мен қой сүтінің айрандарын, мүмкін болса, қоспаған жақсы. Себебі, екеуінің түсі де, дәмі де – екі бөлек.

Құрт-сүттен жасалған тағамның ең бір таза түрі. Құрт – өте пайдалы. Айранды піспей, іркітке айналдырмай қайнатса, ол – ірімшік болады. Сүтті ірітіп, сәл қайнатып, сүзіп алса-ақ ірімшік, ұзақ сары суы таусылғанша қайнатса – қызыл ірімшік, одан да ары күйдіре қайнатса – ирис секілді тәтті шығады.

Мұның атын қазақ «сірне» деп те атайды, әрдайым тәтті орнына (набат, кәмпит, құрма т.б.) жүреді. Нағыз құрт – құрғақ емес, майлы да маңызды болады.

ҰЛТТЫҢ ҮНІ

ШАҢҚОБЫЗ



Шаңқобыз – ежелден келе жатқан қазақтың музыкалық аспабы. Шаңқобыз – электрлі дыбысқа ұқсайтын, темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі бар, дірілдеген үн шығаратын көне аспап.


Шаңқобыз басқа атаулармен көптеген халықтарда кездеседі. Оның сирек кездесетін бір түрі – ағаш шаңқобыз – ағашқа бекітілген жіпті тербеу арқылы дыбыс шығарады. Аспап бітімі бөлек болғанымен, құрылымы мейлінше қарапайым.

Бұл аспапта ойнау тәсілі де өзгеше. Шаңқобызды ерінге қойып, тіске тіреп ойнайды. Аспап дыбысы тілшені саусақпен шалып тартқан кезде серіппенің тербелісі арқылы шығады. Ауыз қуысы – аспап резонатрдың қызметін атқарады. Шаңқобыздың негізгі дыбысы тілдің мөлшеріне байланысты. Аспап тартушы тілінің қимылы арқылы түрлі дыбыстар шығара алады. Әуенді әрлеу мақсатында шаңқобыз орындаушылары саусақтарына қоңырау іліп ойнайды.

Аталған өнердің өрісін аша түсуді көздеген дарынды перзенттердің бірі – шәкірт тәрбиелесе, бірі – арнайы шығарма жазып, қолданылу кеңейтіп, тынысын аша түсті. Ойналуы күрделі, әуені ойлануға итермелейтін шаңқобыз – шын берілген орындаушыға шабыт сыйлап, нағыз тыңдаушысына әсер етпей қоймайды.

Бұл аспап бойында әу бастан бар тылсым да табиғи үннің қасиеті бар. Шаңқобыз аспабы 19-ғасырдың екінші жартысында еліміздің әр өңірінде кездескен. 1850-жылы Ордада, қазіргі Батыс Қазақстанда болған саратовтық саудагер Жарковтің жазбаларында батыс аудандарының әйелдері шаңқобызда ойнайтыны айтылған. Елімізде 1971-жылдың 2-қазанында домбырашы Жарқын Шәкәрім мен шаңқобызшы Талғат Сарыбай Тәттімбеттің «Көкейтесті» күйімен көгілдір экран арқылы көрерменге алғаш рет өнерін көрсетті.Орындаушылары бірте-бірте молайып, өз орнын таба бастаған шаңқобыздың насихатын одан ары жандандыру жұмысы жалғасуда.

Шаңқобыздың сирек кездесетін түрі – үйеңкі, қайың, жеміс ағаштарынан жасалатын – ағаш шаңқобыз. Ортадан кесілген ағаш ұштары екі жағынан тесіліп, жіп-бау тағылады. Аспап орындаушысы жіп-бауды



тарта отырып, босату, төрбөту арқылы тілшөні қозғалтады. Ағаш шаңқобызда жөңіл өндөр мөн шағын күйлөр орындалады.

Ертөдө шаңқобыз кішкөнтай балалар мөн өйөлдөр аспабы болған. Шаңқобызға арналған «Қыз ұзату», «Қыз зары», «Қыз мұңы», «Шаңқобыз толғауы» сияқты жағымды күйлөр шығарылған.

Шаңқобыз – халық аспаптар оркөстрлөріндө, ансамбльдөрдө, жөкө орындауда қолданылады. Аспап – өртүрлі халықтарда өралуан атпөн көздөседі. Варган, төмір қомыз, комуз, аура, комус, ванияр, кубыз, тумра, коусян т.б. атаумөн шаңқобызға ұқсас аспаптар түрікмөн, қырғыз, өзбөк, қалмақ, тува, якут, хакас, татар, қарақалпақ, дүнгөн, башқұрт, украин, орыс, моңғол т.б. халықтары арасында көң тарағаң.

Шаңқобыздың бөс өрөкшөлігі

1. Шаңқобыздың қырықтан астам атауы бар. Олардың арасында: комуз (Алтайда), хомус (Якутияда), кубыз (Башқұртстанда), төмір-қомыз (Қырғызстанда).
2. Ежөлгі заманда шаңқобызды сүйөк пөн ағаштан жасаған, бірақ, ол өтө нөзік болатын. Алғашқы ұстаханалар пайда болысымөн, шаңқобызды төмірдөн жасай бастады.
3. Шаңқобыз туралы алғашқы жазулар ежөлгі рим қабырғаларындағы суреттөрдөн табылған – көнө оркөстрдің бөйнесіндө бір адам шаңқобызда ойнап отырған.
4. Ежөлдөн бөрі шаңқобызда ойнау – сананы тазартып, адам рухының күшін нығайтады, бүкіл ағзаның қызметін үйлестіреді, дөп өсөптөліп көлгөн.
5. Шаңқобыздың дірілі – жөңіл трансқа өкөлуі мүмкін, сондықтан, ол – бақсылық төжірибөдө қолданылады.

Өзірлөгөн: Ботагоз ҚОҢЫР

ТАҢҒАЖАЙЫП ТУҒАН ТОПЫРАҚ

Ғұлшы жердің киесі

Кешегі киелі Әулие-Ата – бүгінгі Тараз қаласы – жауһар жәдігерге тұнған топырақ. Ежелгі Таразды қазу жұмыстарының нәтижесінде жоғарыдан төмен қарай жатқан бес мәдениет қабаты анықталды. Бірінші қабат – осы заманғы; екіншісі – XIII-XV ғғ. сәйкес келеді; үшіншісі – қаланың XI-XII ғғ. өмір сүргенін куәландыратын қалдықтар; төртіншісі – VIII-X ғғ. Түргеш қарлұқ кезеңіне қатысты: бесіншісі – V-VII ғғ. ежелгі мәдениеттің іздері.

Әсіресе, Тараздың тамаша көркейгені жөнінде сыр шертетін X-XII ғғ. үшінші қабат – орасан бай олжа. Үшінші қабат керамикасына тән сипат – қара және қоңыр түстермен ұштасқан күңгірт-қызыл боялардың басымдығы болып табылады.

Тараз-Талас өзені бойындағы V ғасырдан бұрын салынған ежелгі қала. Таразды тұңғыш рет – 568 жылы Византиялық елші Земарх тілге тиек етеді. 630 жылы Қытай саяхатшысы Сю-ань-Цзан «Тараз – Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды сауда орталығы» дейді.

VIII ғасырда Тараз – Арғу-Талас, Алтын-Арғу, Талас-ұлыс атауларымен мәлім.Тараз – қолөнер өндірісі мықты дамыған бекіністік сауда қаласы болған. X ғасырдағы араб географы Әл-Мақдиси: «Тараз – бақтары қыруар көп, халық тығыз қоныстанған, орлары, төрт қақпасы мен адамдары мекендеген қамалы бар үлкен бекіністі қала. Екінші мединада үлкен өзен, оның ар жағында шаһардың бір бөлігі, оның үстінен өтетін көпір бар. Базар ортасында мешіт үйі тұр» – деп жазды.



Жыл өткен сайын қазақ даласының табиғаты мен тарихы мол тағылымды мекендеріне ат басын бұрушылар саны артуда. «Есебін тапқан екі асайды»-ның заманына қарай маманы болып жатқан мың жылдық тарихы бар Жамбыл облыстық туристік ақпараттық орталығының қолдауымен ішкі туризмды дамытуда өзіндік орны бар Алматы қаласының «Тұмар-Транс» туристік компаниясының ұйымдастыруымен құтты мекен – Жамбыл облысының төңірегіндегі ішкі ту-

ризм бағытындағы керемет нысандарға еліміздің туризм майталмандарының басын біріктірген танымдық ақпараттық сапар ұйымдастырылды.

«Тұмар-Транс» туристік компаниясының басшысы Раушан Шәмілқызының бастамасы барысында саяхатшылардың айрықша қызығушылығын көріп, көне Тараздың көрікті де киелі топырағын тамашалаушылардың қатары үзілмейтіндігіне сенгіміз келді...

Көне Тараз

Тараз қаласының қақ орталығынан орын тепкен осы гүлзарлы мекенге қалаға қыдырып келген, мейлі өтіп бара жатып, тіпті жай ғана соға кетейін деген адамның көз жанарын өзіне баурап әкететіні бар. Бұл бір «сиқырға толы мекен» деуге де боларлықтай.

Тәуелсіздік алған жылдардан кейін жан-жақты қолға алынған Тараз жеріндегі тарихи нысанның бірі осы – көне Тараз қалашығының орны.



Ашық аспан астындағы мұражайдың берері де, айтары да, ақтарылар сыры да кез-келген турист үшінде, жергілікті тұрғын үшін де, қонақтар үшінде сарғыш тартқан тарих іздерінен қалған баға жетпес мол мұра болып, күн өткен сайын құндылығы артып жатқан орынға айнала түсетініне шүбәсіз сенуге болады. Жыр алыбы Жамбыл – көне қалашықтың тарихынан домбырасын күмбірлетіп жыр төгердей бойын тіктей қасқайып, сырттан бақылап тұрғандай...

Баласағұн қалашығы

Тар жол тайғақ кешкен қарға тамырлы қазақ баласының тарихындағы бірден-бір ойып тұрып орын алатын қалашықтың бірі – Баласағұн. Талай ғұламалар мен елі үшін еміренген тұлғалардың мекені болған қалашық – бүгінгі таңда сол өткен



күндердің белестерін қойнына жасырған күйде мүлгуде...

Қалашықты аралай жүріп, сол бабалар салған сара жол мен даналар қалдырған дара жолдардың іздерін байқағандай боласыз. Ал, бұл – еліміздің ішкі туризм бағытындағы даму барысында үдере көшкен көштің алдыңғы шебіне жатқызылатын баға жетпес тарихи нысаны болып қалыптаса түспек.

Сол бағытта Жамбыл облысының мамандары тарапынан тыңғылықты жұмыстар атқарылуда. Ең бастысы, ішкі туризм бағытындағы бірден-бір ойып тұрып орын алар нысанға айналдырылып жатқаны – біз үшін қуаныш. Демек, ішкі туризмды дамытуда тараздықтардың қосқан үлестері өлшеусіз болмақ.

Қарахан кесенесі


Көне Тараз қалашығынан алған әсерден арылмай тұрып, Тараз қаласының тағы бір туристік нысаны – Қарахан кесенесіне де келіп жеттік. Көненің көзі болған нысанның келушілер алдынан менмұндалап тұрғаны...

Орта Азия аумағында жүздеген жылдар билік құрған (942-1210 ж.ж.) атақты Қараханилер әулетінен шыққан киелі тұлғалардың біріне арналып тұрғызылған. Төрт құжыралы, биік күмбезді және екі мұнаралы ғимарат сәулет өнерінің үздік

туындыларының бірі ретінде саналады. Айналасы гүлзарға айналған кесененің– кімді болса да, бей жай қалдырмасы анық. Талай туристің қызықтайтын құт мекеніне айналған кесене маңында қашанда адамдар легі толастаған емес. Сондықтан, бұл кесенені шетелдік туристерді алып келіп, тамашалату бағытында жұмыс жасауға болады.

Айша бибі кесенесі

Таулы аймақтың саф ауасын қимай зулай отырып, Тараз қаласынан 17 шақырым жердегі Жамбыл ауданының Айша бибі ауылында орналасқан махаббаттың сим-



волына айналған, ғашықтардың пірі, XI-XII ғасырлармен мерзімделетін сәулет өнерінің үздік нұсқасы – Айша бибі кесенесіне табан тіредік.

Мұнда Айша бибі мен оның күтушісі болған Бабадж хатун кесенесі бой көтерген. Мұнда жерленген адам туралы тек аңыздар ғана сақталған. Аңыздардың бірінде Тараз билеушісі Қараханға іңкәрлік сапары кезінде жылан шағып, қайтыс болған, Зеңгі баба мен Әнбар бегімнің ару қызы Айша бибі туралы айтылады.

Айша бибі кесенесі – қазақ халқының ежелгі ою-өрнегін сақтаған мұражай іспетті. Қабырғаларының ортасында жебе бейнелі иіндермен көмкерілген терең қуыстар бар. Колонналардың жоғарғы жағы ваза түрінде жасалған. Бұрыш колонналары, жоғары қарай сүйірлене жасалған белдеушелері өсімдік гүлді оюлармен өрнектелген терракот қыш тақталардың 18-ші қаланымында арабтың куфа әріптерімен оюланған «Күз... бұлттар...жер ғажайып...» деген тылсым сөздер жазылған. Кесененің ішкі жағында – жербесік тұр. Кесене құрылысына антисейсмикалық мақсатта арша ағашы пайдаланылған. Көне Тараз қаласына аяқ басқан әрбір адам, мұсылман әлемі құрмет тұтатын, «әулие орын» деп аталған ортағасырлық сәулет өнерінің інжу-маржаны Айша бибі кесенесіне ат басын бұрмай өтпейді...

Берікқара шатқалы

Болашақ – жастардың қолында. Сол жас жеткіншектер мен студенттер үшін Берікқара шатқалында жақсы жағдайдағы жазғы демалыс орны орын тепкен. Ақпараттық турға қатысушылар үшін бұл ерекше мекен – таңсық жер.

Алысы-жақыны білінбейтін бұл саумалды шатқалдың тамаша табиғаты – ерекше көрінісімен еріксіз баурап, қызығушылардың санын арттыруда. Сол себепті, осы орынның табиғатын, ерекше көрінісін, тарихи тағылымын насихаттау барысында осы ақпараттық турға қосқан. Жайқалған нуы, сарқыраған суы, жұпарлы гүлі – кімді болса да еліктіріп, ғажайып сезімге бөлейді...

«Тұран» демалыс айлағы

Сапар барысы тарихи орындардан кейін таулы аймақтардағы көпшілікке арналып тұрғызылған демалыс орындарына да келіп жетті. Саф ауасы тыныстың кернеген таулы мекендердегі демалыс орындарының көркі мен келбеті – табиғат пен үйлесе түскендей ажарланып тұр.

Қазақ қашанда күндіз келген, мейлі, түнде келген қонақтарын ақ дастарханын

жайып, барын алдына тосып күткен, жаратушы жар болған халық. «Тұран» демалыс айлағының аспазшылары дайындаған тағамдар бірінен кейін бірі дастарханға қойылып жатты. Түскі астан соң, демалыс орнының тыныс-тіршілігімен етене жақын танысудың сәті түсті. Демалыс айлағының ағаштан тұрғызылған демалыс үйлерін аралай жүріп, «нағыз таулы аймақтың жанға жайлы демалысы осындай мекенде өту керек» – деген пайымға келдік...

Меркі һәм «Меркі» шипажайы

Меркі ауданы арқылы өтетін Ұлы Жібек жолы бойында еңселі зәулім кесене менмұндалап тұр. Бұл елінің ардағы, батырдың саңлағы – Сыпатай Әлібекұлынің кесенесі.

Сыпатай – Қоқан басқыншыларына қарсы күресте аты шыққан батыр. Ерлігі мен шешендігі, әділдігі мен ақылдығы ел жадында сақталған үлкен бедел иесі. Жұртқа әділдігімен, батырлығымен, қамқор



ақылшысы болған. Бұл күндері кең байтақ отанымыздың түкпір-түкпіріне тараған батыр ұрпақтары егеменді Қазақстанның өркендей түсуіне зор үлестерін қосып келе жатқанын мақтанышпен айтуға тиіспіз.

Жамбыл өңірінің Меркі ауданында ерекше бір нысан – жұртшылықтың денсаулығын түзеп, дерттеріне шипа сыйлап жүрген «Меркі» шипажайы. Адам баласы үшін ең баға жетпес дүние – денсаулық болса, деніңізге дауа, жаныңызға шипа сыйлайтын орын, міне, осы шипажай болып табылады.

Таулы аймақтың көрікті жерінде орын тепкен шипажайдың ел алдындағы мәртебесі қашанда биік тұрары анық. Талайлардың арманы, дүйім елдің мақтанышы бола білген шипажай ұжымына деген шексіз ризашылықпен ішіне ендік. 60 жылдық тарихы бар шипажай ұжымы ем алуға келгендерге қашанда



тыңғылықты қызмет көрсетуге дайын. Өзге шипажайларға қарағанда, мұнда бел омыртқасындағы дерттерге таптырмас ем түрін жүргізетіні – көңілге қуаныш себеледі. Бұл да болса,«медицина туризмын дамытуға деген ұжымның ұмтылысынан» деп білдік.«Жаңалық» деп осыны айт!.

Тектұрмас әулие

Талас өзенінің жағасындағы биік төбеге орын тепкен Тектұрмас әулиенің кесенесіне келіп тоқтадық. Бұл аймақта бір кездері жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерлігімен көзге түскен, Абылайханның жорықтас серігі болған

Мәмбет Күнбасұлының кесенесіне соқтық.

Мәмбет батыр – қазақ тарихында ерекше орны бар, Қоқан және орыс отаршыларына қарсы күресте Кенесары ханның сенімді серігі болған Байзақ датқаның әкесі. Екі кесене орналасқан төбенің төменгі жағында жерасты жолдарына кіретін есік бар екен. Кейінгі кезде жоғарғы қабаты құлап, жол жабылып қалған. Қазір алдына темір есік орнатып қойыпты.

Қасиетті мекенге күн өткен сайын келіп кетіп жатқан зияратшы туристер саны күрт артуда. Келушілер әулие рухына құран бағыштап, Жаратушыға тілектерін білдіреді. Еліміздің жұршылығы үшін қасиетті мекен болып саналатын орыннан –Тараз қаласы алақандағыдай көрініп тұр. Тастан-тасқа толқыны ұрып, қарт Талас өзені толассыз ағып жатыр...

Өлкетану мұражайы

Әрбір облыс, қала, мейлі аудан орталығы болсын, сол өлкенің тарихынан сыр шертер шежірелі мекені – Өлкетану музейі болып келеді. Жамбыл облыстық



өлкетану мұражай есігі айқара ашты. Тамыры терең қазақ тарихымен бірге өлке тарихы біте қайнап жатқан киелі шаңырақтың туризм саласындағы мамандар үшін таптырмас орын екені айдан анық. Өйткені, кез келген туризм саласының маманы үшін тарих пен туризмды бірге алып жүруіне тура келеді. Туризмды дамытып, туристерге тарихи нысандарды таныстыру үшін сол орындар жайлы ақпарат легі мол болуы тиіс. Ал, ол ақпараттың орталығы – қашанда мұражай болып қала бермек.

Шетық шұғылас һәм тәуір түйін

Ақпараттық турдың қорытынды отырысы – Жамбыл облысының инвесторларға және кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының мәжіліс залында өтті. Қорытынды жиналыс барысында қатысушылар тарапынан Жамбыл облысының ішкі туризм бағытында таныстырған барлық нысандары жайлы жақсы пікірлер айтылды. Саяхатшылар екі күн бойы алған әсерлерімен бөлісті.

Ішкі туризм саласын дамытуға бірлесе отырып, күш біріктіру арқылы көп жетістікке жетуге болады. Кемшін тұстар уақыт өте келе жойылып, қызмет көрсету, тарихи орындарды таныстыру, қалада алып жүру жұмыстары жоғары деңгейде жұмыс жасауы үшін – тараздықтармен бірге ақпараттық турға қатысушылар бірлесе отырып атқаратындықтары ұсынылды. Шетел асып келген туризм мамандар да Жамбыл облысындағы ішкі туризмнің қарқынды даму үстінде екендігін мойындады.

Тараз – қазақтың маңдайына біткен тағылымы мол тарих іздері қалған тұғыры биік мекен екендігіне көз жетті.

Ерлан СЫЗДЫҚ,
өлкетанушы.
Жамбыл облысы.

Иман шуағы немесе қанағаттың қажеттілік қағидасы



Кешегі қылышынан қан тамған орыстың патшалық билігі мен советтің құдайсыз қиянатты өкіметі қазақтың асыл дінін ұмыттырып, құнды ділін жойғысы келді. Бірақ, адамның білегіндегі күшті азайту мүмкін болғанымен, жүрегіндегі бір Жаратушыға деген қуатты сенім-иманды жою – Алладан өзгенің құзырында емес. Еркіндікпен бірге елімізге иман нұры түсті, мешіттер салынып, жамағат жиналды.

Тәуелсіздік төлдеріне өз басым айрықша қызығушылықпен қараймын: мешіті ашық, иманы толық, басы бостан, ойы еркін. Екі дүниенің шамшырағы, адамзаттың асылы, қасиетті Құран түскен Пайғамбарымыз Мұхаммед (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын!): «Ақырет күні мен Алла Тағалаға жақын боламын. Менің айналамда Жаратқан Иемізге үш түрлі үмбетім таяу тұрады: біріншісі – САБЫРлылар, екіншісі – КӨРКЕМ МІНЕЗділер, үшіншісі – НАМАЗХАНдар» – деген екен. Бұрын «намазхан» дегеннің кім екендігін білмейтін біздердің көзіміз ашылып, көкірегіміз сәулеленді. Сөйтсек, намазхандар иман шуағы ұйыған мінәжат мешіттерінде бас қосады екен...

Орда бұзар жастың жалынан ұстап, жалынын лаулатқан намазхан інішегім Айдын Ғылымтайұлы Жанболатовпен мен де Жаратқан Иемізге құлшылық сарайларында көбірек жолығыстым. Орта бойлы, аққұба өңді, жанары жылы, жүрегі жұмсақ, дәретіне таза, намазына мұқият, сөзіне сырбаз, өзіне тақуа жігіт бірден баурап алды...

Ең алдымен, жаңа таныс – жас жігіттің бойынан қазіргі аламанның басым бөлігі жоғалтып алған құнды қасиет – ұятты аңдадым. Басы артық немесе ыңғайсыздау сөз айтып қалса, Айдын қызарақтап, екі бетінен от шығып, шілденің шапағындай алқызылданып кетеді. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын!) бір хадисінде: «Иманның алпыстан астам тармағы бар, ал, ұят – иманның бір тармағы» дегені есім түсті. Демек, ұялу – иман амалдарының бірі.

Қабырғалы қазағым: «Кімде ұят болса – онда иман бар» дейді. Бағзы заманнан бабаларымыздың санамызға сіңіріп, салтымызға енгізген тәлім-тәрбие қазығын: «Ұят болады!» деген жалғыз ауыз сөзге сыйғызып жібергенінен еріксіз қайран қаласың! Ерте заманда бір шаңырақтың,



тіпті, бір адамның тәрбиесіздігі – бір рулы елдің сүйегіне таңба түсірген. Бойына имандылықтың дәні егілмеген ата-ананың ұрпағы ұлықты бола алмақ емес. «Ұят болады!» деген ұстаным – жеткіншекті жасқаншақ пен момақандыққа баулымайды, керісінше, ұяты мен намысын қайрап, қажырлылық пен қайсарлыққа шынықтырады. Мен де жас серігімнің жақсы қадеттерінің тамырын – от басы, ошақ қасынан; тармақты тегі мен сіңісті сүйегінен іздедім...

Замана жаңарып, ұрпақтың көзқарасы мен талабы талай түлеп-өзгерсе де, өзгермейтін бір нәрсе бар, ол – адамның ата тегі һәм шежіресі. Арғы алысымыз – ұн мен сақ; орайлы алтын ортамыз – түркі; бүгініміз – қазақ.

Атасыз да, батасыз да ел болмайды. Ата тегін білу – әр қазақтың перзенттік парызы һәм ұлттық мұрасы. Қазақ жеті атасын білмеген жерден қыз алып, қыз беріспеген. Атадан қалған болмысты бекем біліп, жадымызда құндақтап-сақтап, ұрпаққа ұқыптап жеткізу – әрбіріміз үшін абыройлы іс. Ата тегін қуалап тарату, рулық болмысын анықтау – әр қазақтың қанына сіңген қасиеті.

Жаныма жақын тартқан жас мұсылман-досымның тоғыз таңбалы Найман атасының бір таңбасы Қаракерей – ең көп тараған байсалды жұрт. Найман мемлекеті VII ғасырда дербес саяси, қоғамдық құрылым болды. Қаракерейдің аты мен Байжігіт атасының ұрпағын атышулы баһадүр Қабанбай батыр әйгілі етті. Байжігіт баласын иісі қазақ алғашқы табағын тартып, таңдаулы үйдің төріне шығарды. «Қаракереймін» дегенге, кезкелген қазақ: «Е, Қабанбай екенсің ғой!» – деп, сый-сыяпат қылады.

Қабанбай–қазақтыңқыраны, елдің ұраны әрі ұлтымыздың еркіндігін сақтап қалуына басты себепкер болған майталман батыр. Қаракерей Қабанбай батыр шыққан Байыстың Байжігіт атасы – кезінде Жайсаң уезінің Шілікті, Маңырақ, Хабар-асу, Теріс-айрық, Шорға болыстарында, Лепсі уезінің бүкіл батыс бөлігін және Жетісу облысы, Қопал уезінің бір бөлігіне қоныстанған. Қытайдағы Байжігіт атасы бұрынғы кезден үш үкірдай (болыс) болыпты. Қазір де көп. Байжігіттің Жұмық атасы – Маңырақ тауында, Тоғас – Тарбағатай тауының шығыс-теріскейінде, Мәмбет атасы – Тарбағатайдың оңтүстік етегінде Мақаншыдан Қытайға дейінгі жерлерде қоныстанған. 1955-1962 жылдары талай қандастарымыз Қытайдан Қазақстанға қайта өтсе де, Төлегетай бабасының әлі де талай ұрпағы шекараның арғы бетінде тұрып жатыр.

Қаракерей Қабанбайдың – Дарабоздың – «арғы аталары» деген-де, екі адамның аты аталады, біріншісі – Шыңғыс ханның тұңғышы Жошыханның бесінші ұлы – Шәйбен қолбасы; екіншісі – Шәйбеннің тікелей бесінші ұрпағы, тағы да бір Шәйбен (Сәйбен). Сәйбеннің ұрпағы түркі рулары басшыларының балаларын бас көтермеуі, өзгеге ауысып кетпеуі үшін әрдайым аманатқа алып отырған көрінеді. Аталған аманатта Найманбала да болған. Ақтайлақ би шежіресі бойынша, Сайбекханнан – Тоқтамысхан, одан – Тоқтарқожа, Толымқожа, Қойшыаға туады. Сайбекхан көп шежірелерде «Найманбала» аталады. Сайбектің бәйбішесі Жұпарға әбден тәнті болған Әз Жәнібек хан арнайы жер бөліп беріп, ол маңды «Жұпар қорығы» деп атайды. Қазақ мемлекетін құрушы, алаштың арыстан-көсемі, қазақ жерінің шынайы иесі Әз Жәнібек – қазақтың тарихында ешбір ханның тұтам жер телімін ешкімге бөліп-

бермегенін білгенімен, арнайы бөлген жерін «Жұпар қорығы» деп әдейі атайды. Ұлт көшбасшысының осынау орасан парасаттылығына көңіліміз сеніп, көзіміз жетеді.

Тағдыр талайымен Сайбек пен Жұпар қайтыс болып, елге шетіне жау тиеді. Қашқын болған Қойшыаға – Матайға, Толымқожа – Керей ішіндегі Меркітке кетіп, Тоқтарқожа – Қаракерей ішіндегі Байыс бидің жылқысын бағады. Байыстың қызы Мақтадан – үлкені – Байжігіт, кішісі – Жанжігіт туады.

Ерасыл – Қаракерей Қабанбайдан Тоқтарқожаға дейін төрт ата – мөлшері 100 жыл. «Тоғыз таңбалы, он ата Найман» дегенде, тек қана қазақ халқының құрамындағы наймандар аталады. Мұның сыртында өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түркімен, әзірбайжан, татар, ноғай, тәжік ішінде де наймандар бар. Наймандар Жошы ханның қолбасшылығымен Сыр бойына, Арал мен Каспий теңіздерінің аралығына қоныстанып, бүгінгі өзбек жері Үргеніш пен Хорезмді 1200 жылдардың алғашқы онжылдықтарында басып алып, тамырын жайған ерен ел.

Жері кеңіп, Қазақ Хандығы нығайғанда, қазақ құрамындағы наймандар руларының басшылары – Байыс би, Сарымырза секілді беделді ел ағалары туыс қамын ойлап сыртта қалып, Орта Азияны мекендеген наймандармен қоян-қолтық қарым-қатынас орнатады. Байыс би – Тәшкен, Самарқан, Бұқара, Хорезм, Үргеніш, Хиуа далаларын аралап, қандас жұртын қазақ хандығына көшуге үгіттейді. Наймандар XVI ғасырда Тоқтарқожаның тұсында өзбекте, түркіменде аса қуатты, мемлекет ісіне тікелей араласқан, патшаның оң жағынан орын алған, басқаларға дес бермес дәргейлі ру болды.

Қаракерей Қабанбай батырдың қастерлі есімі – қазақтың көк аспаны мен кең даласында мәңгі асқақтап тұр. Қаракерей Қабанбай батыр 1724 жылы Түркістанда хан сайланады. Батырдың немере атасы Тоғас та хан болды. Мұның арғы жағында шежіре мақұлдайтын тағы да маңдайлары күнге шағылысқан тұрлаулы тоғыз хан бар. Алғашында патшалық Ресейдің, кейін Кеңес үкіметінің қыспағына шыдамай, бастарына күн туған қандастарымыздың бірсыпырасы «арғы бет» асып, Қытай, Монғолия, Түркияға тарыша бытырап, ізін суытып алды. Қызыл кеңес билігінің һәм орыстың озбырлығының ұжымдастыру салдарынан ашаршылыққа ұшырап, Кеңес шекарашыларының қарша боратқан оғына төтеп берген біздің бауырларымыз малжанын сауғалап, жат жер, бөтен елде өсіп-өнуге мәжбүр болды...

Шытырман шежіре – ұрпаққа мирас, игілікті іс. Әркім өзі шыққан төбесінің биік болғанын қалайды десек те, Қаракерей Қабанбай – найман руының немесе Орта жүздің ғана батыры емес, ол иісі қазақтың бірлігі мен тұтастығы үшін тері мен қанын төккен төре тұлға. Қабанбай батырдың түпкі тегі жайлы олқылықтардың орнын толтырып, ардақты атын аңыздан ажыратып, батагөй бабаны ұрпаққа нақтылы тарихи тұлғасымен тапсыруымыз керек. Ұлықты ұлттық мүдде – таяз тайпалық мақсаттың тасасында қалмауға тиіс.

Қазақтың біртуар, қайталанбас батыры Қабанбайды тәрбиелеген, тәлімі терең, жуан ел Байжігіт әулеті – Қытай мен Қазақстан жерін егіз еміп, еркін өскен құтты ұрпақ – тоғыз болыс ел. Байжігіт руында көпке көрнекті, ат-көлігі көрікті ошақ аз емес. Қабанбайдай қаһарман-қыранның ұлықты ұрпағының бір ошағы – қазіргі Семей өңірінде өсіп-өнген Ғылымтай Слөмғазыұлы Жанболатовтың ынтымақ-



ырысқа толы киелі шаңырағы.

1956 жылдың 25 желтоқсанында Қытай Халық Республикасының Шәуешек

қаласында дүниеге келген Ғылымтай Сләмғазыұлы – Жанболат ақсақалдың Алладан тілеп-сұрап алған немерелерінің бірегейі болды. Өткен ғасырдың алпысыншажылдарыбабасынңбайрақтымекеніне оралған бала Ғылымтай атажұртының асыл топырағында еркін өсіп, көркем көктеді. Он балалы отаудағы үшінші үміт Ғылымтай – еңселі екі ағасының қамқорлығын көріп, бірлікті бес інісі мен қос бұрымды қос қарындасына қалқан болды. Берекелі отбасы алғашында Абай ауданының Қарауыл ауылына ат басын тіреді, кейінірек Үржардағы Таскескен ауданының Алтыншоқы ауылына тұрақтады. Ержеткен Ғылымтай отан алдындағы борышын өтеуге Сыр топырағының Байқоңыр



ғарыш аймағына түсті. Қазақтың сардаласы қыста қақаған аязына қақтаса, шілдеде шыңылтыр ыстығымен ындын кептірді. Жауынгерлік өмірдің ыстық-суығына мойымаған Ғылымтай әскерден кейін Семей автомеханикалық техникумының табалдырығын аттады.

Ғылымтай қылшылдағын 27 жасында Жарма ауданының Жаңғыз-Төбе теміржол бекетінде 1961 жылдың 28 ақпанында дүниеге келген Бөрібай руының 22 жастағы өрімдей аруы Оразбөбе Қизатқызымен отау құрды. Қизат атамыздың отбасындағы 5 баланың (4 қыз, 1 ұл) төртіншісі Оразбөбе мейлінше ибалы да инабатты бойжеткен еді. Қазақ қызына тән ұстамдылық пен ұлағаттық қасиеті мол Оразбөбе Семейдегі сауда саттық техникумын тәмәмдап, төл білім ордасында ұстаздық қызмет етті. Ал, тері зауытында тәжірибе байытқан жас өрен Танкі жөндеу зауытына ауысқан соң, көп ұзамай, адуын-қуаты әлсіреген совет билігі құрдымға кетті. Бертін келе Оразбөбе тәлімгерлік тәжірибе жинақтап, теміржол саласының саңлағына айналса, Ғылымтай адал кәсіпкерлікке көңіл бұрды.

Екі жүз жылдан астам уақыт бойы ұлтты удай іріткен орыс отарының ойраны, соңғы ғасырда қанды қамшысын үйіріп, қазаққа темір ноқта кигізген кеңестің «қазақта тарих жоқ» деген сандырағы – Ғылымтайдай жас жігіттің намысын қайрап, жігеріне от қойды. Сол себепті, қазақтың шығу тарихы мен шежіресіне ерекше құлықты болды. Туған ұлтының ежелгі тарихының соншалықты рухты да өрісті екендігін сезді. Шерлі шежіренің соқырға таяқ, білмеске айғақ ұстатқандай анық та айқын болуын аңсады. Сондықтан, жат жұрттың жаулығын сезіп, төл ұлтының ұлылығына ұмсынған ұлтжанды азамат Ғылымтай Сләмғазыұлы жастайынан кәрі тарихқа сұңғыла көзбен сүңгі қарап, қазақ тарихына жасалған сансыз қиянаттар мен қисынсыз дүниелерді тап басып, түйсіне білді. Құмырсқадай қалың қытайды көріп-білген Ғылымтай қашанда қазағының көбеюі мен көктеуін аңсаумен болды. «...Ағаң келер аңқылдап, Қарындас тұрар солқылдап...» – дейтін ескі жыр Ғылымтайдың кеудесінде шеменделіп жатты. Батыр бабаларының – қазақтың ірі баһадүрлерінің – қайсар рухы бойға қуат, ойға нәр құйды...

Ғылымтай көкеміздің кекілді тұңғышы, менің сырлас-бауырым Айдын Ғылымтайұлы – жас та болса, бас боларлық басым қасиеттері арқылы үлгілік ізетімен танылды. Бірде күнделікті күйбеңмен кезекті намазды қаза қылмау жайында қарапайым да ғибратты уәж айтты. «Намаз – Жәннаттың кілті, – деді жас мүсілім-

бауырым сабырмен сөз бастап. – Бірде Уаһб ибн Мунаббихтен бір сахаба: «Лә иләһә иллаллаһ!» деген сөз – Жәннаттың кілті емес пе?» – деп сұрайды. Сонда Уаһб ибн Мунаббих: «Иә, бірақ, әр кілттің тістері болады. Тістері бар кілт қана – есікті ашады», – деп, Алланың бірлігіне иман келтіргеннен кейін, құлшылық жасаудың қажет екендігін білдірген екен...»

Осыдан үш жыл бұрын, дәлірек айтқанда, 2014 жылдың 17 қарашасында отыз жастың ордасын бұзған Айдынның туған күнінде қаламыма «Айдын жүзі – айдың жүзі...» (Айдын бауырым 31 жасқа толғанда!) деп айдар тағылған өлең жолдары ілігіпті...

Тірлік күйбең – талғам, толғам, тірегім,
(Иманқұмар сыздай берді жүрегім...)
Ал, айналам – азынаған арзан-күн,
Е, Жаратқан, таба гөрші бір емін!..

...Жақсылықпен жарқыраса таң көші,
Шын АДАЛДЫҚ
достың болса – жан досы!
Сырлас досың сырғанақтап, сатпаса,
Тіршілікте бақыт та осы, мән де осы.

Сағындырып
жетсе көктем – жыл құсы,
Айнымаса үміт, сенім үрдісі.
Ошағыңда жылынасың мейірге,
Сүйген жардың
ТӘУБӘ болса – құрбысы!

Нұрландырар түнің менен күндізің,
Биіктейді тағдыр-тектес жұлдызың.
Ұлы Алланың ұлықтығын қайталап,
Әл-Рахманын ұмытпаса ұл-қызың!

Еміреніп, тебіреніп тұр ғасыр,
Бағың шауып, баян тапсын дүр басың.
Асудан да, тасудан да өтерсің,
Адаспаса – САБЫР-серік, сырласың!

Тағдыр – тартыс,
қайыс белдік – тер сіңер,
(Тарпаң тұлпар текті белес жерсінер...)
Жұмақтың да сүріндірмес сүрлеуі,
Қоңсы қонса –
КӨРКЕМ МІНЕЗ көршілер!

...Көңіл шіркін тентек-толқын, тасады,
Болашақта – асарың мен жасарың...
Айдын жүзі – айдың жүзі ақжарма,
Отыз бірде оғланның жоқ осалы!

Бойда – қуат, ойда – шуақ, бақ із – бұл,
Тұлпар қамда, тақым терлет, ат үздір...
Баян күнді төгіп-шашпа бал-шырын,
Қайта оралмас, айхай, отты отыз бір!..

....Ғылымтай көкемізден өрген үш перзенттің тұла бойы тұңғышы, мамандығы – заңгер, машығы – кәсіпкер Айдын жеті жыл бұрын Әсел атты сүйген жарымен отау құрып, бүгінде алтын кекілді қос қыз өсіруде. Ал, күні кеше ғана ақ бантигі самал желмен әнтек желбіреген Толқын да теңін тауып, тұрмыс құрып, әулеттің өрісін кеңейтті. Ғал-ағаңның сүт кенжесі Жарқын әзір сүрбойдақ. Жанығаң оттай, қарығаң шоқтай албырт шақтағы ат жалын тартып мінген Жарқын нақты іс, шымыр шаруының адамы. Ел аралап, жер көргенді ұнатады. Білімі кемел, білігін молайту жолында...

Рас, бүгінгі өркени өмірдің өршіген екпіні – басқан із, көшкен жұртқа қайта бұрылып қарауға шама-шарқыңды келтірмейді. Титтейінен ащы мен тәтті татып, жаман мен жақсыны сезіп жетілген, көкірегі көмбе, ойы орасан Ғылымтай Слөмғазыұлы – есіктен қарар елі мол, еңкеймеден жазылар белі зор атпал азамат. Асыл ағамыздың көзінен – нұр, көкейінен дүр – таймағай, тілегіміз!

...Бірде Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын!) мінезі туралы Хазіреті Айша анамыз: «Оның мінезі – Құран» деген екен. Қасиетті Құранның кілті – таза иман.

Жасыратын жоқ, менің замандасым, досым, сырласым, діндесім Айдын Ғылымтайұлы Жанболатовтың мінезінің де тұнық тұмасы – таза иманның бастауы тәрізді: аракідік менің пендешілік шалыс қадамдарымды – жылы сөз, жұмсақ ниетімен, кішілік құрмет, інілік ізетімен, мейлінше байқатпас байсалдылықпен түзетіп қоятыны бар...

Айдын досымнан көңіліме түйіп, көкірегіме сіңірген басты бағыт-бағдарым мынау: әдетте, адам баласы шынайы бақытқа жету үшін басын тауға да, тасқа да ұрып, шарқұрып, шыр айналады. Сөйтсек, адамның бақыт-баяны алыста емес екен. Тіпті, өмірбойы өзімен бірге жүр екен, оның аты – қанағат: барға – қанағат, өткенге – салауат, болашаққа – аманат!

...Атасы имандының – баласы ибалы болады. Ұлы жол – туған ошағыңның табалдырығынан басталады...

М. ӘНУАР-БЕК,
Алматы - Астана

Саздың құдыреті

Еліміздегі мектепке дейінгі балалар тәрбиесіне аса зор мән беріліп, көкейкесті мәселелерді оңтайлы шешудің жолдары қарастырылуда.

Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшуі керек деп, Елбасымыз атап өткендей, елімізде «Балапан» бағдарламасының тиімді жүзеге асырылуының арқасында жаңа бала



бақшалар мен шағын орталықтар көптеп ашылуда. Аталмыш бағдарлама 2020 жылға дейін жұмыс істеп, балаларды мектепке дейінгі білім берумен және тәрбиемен 100 пайыз қамтуға мүмкіндік бермек.

Музыка – адамның өмірлік серігі, рухани азығы. Адам жанын баурап алып, жақсы мінез-құлықтардың қалыптасуына әсерін тигізетін өнер түрі. Музыка – адам өмірінің түрлі сәттеріндегі бастан кешкен хал-күйін бейнелейтін ғажайып әлем.

Мектеп жасына дейінгі балаларға музыка үйретудің маңызы зор. Музыка әлемі – әсемдік әлемі. Сондықтан музыка әлемі балапандарымыздың ішкі жан-дүниесін тербетеді, ойын, қиялын шыңдайды. Балаларымыздың өнерлі де білімді, еліміздің өркендеуіне үлес қосатын ардақты азамат болып шығуына музыка әлемінің тигізер әсері мол екенін ешкім де жоққа шығара алмасы анық.

Бүлдіршіндерімізді жан-жақты етіп отансүйгіштікке, мейірімділікке, әсемдікті сүюге тәрбиелеуде музыканың алар орны ерекше. Баланың музыкалық мәдениетін, эстетикалық талғамын, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда сөзбен жеткізе алмайтын әсемдікті музыка тілімен жеткізуге болады. Балалардың ой-өрісін, талғампаздығын, есту қабілетін арттыруда атқаратын рөлі зор. Музыкалық тәрбие беру әдістері мектеп жасына дейінгі балаларды музыкалық жағынан жетілдіріп, тәрбиелеудегі қызметтің барлық түрінде сенім мен жүйелі жаттықтырудың қажеттігін айқындайды.

Музыкалық тәрбиемен жұмыс істейтін педагогтар жұмысының басты жетістігі – шығармашылық. Қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер, музыкалық қабілеттерінің дамуы, музыка мәдениеті негізінің қалыптасуы екенін айтады, яғни, музыкалық тәрбиені мектепке дейінгі жастан бастау керек. Сөйлеу үшін сөздік орта қажеттілігі сияқты, музыканы жақсы көруі үшін бала да түрлі дәуірлер мен стильдердегі музыкалық шығармаларды қабылдай білу тәжірибесі болуы тиіс, оның ырғағына үйренуі, яғни көңіл - күйін тани білуі керек.

Музыкалық жетекшінің міндеті - музыкаға деген сүйіспеншілік пен құштарлыққа тәрбиелеу. Бұл міндет баланың естіген шығармаларының мазмұнын тереңірек сезіп, түсінуіне көмектеседі. Музыканың тәрбиелік ықпалы жүзеге асырылады. Балаларды алуан түрлі музыкалық шығармалармен таныстырып, музыка тыңдатып, ән айтқызып, музыкалық-ырғақтық қимыл жасау арқылы олардың музыкалық әсерлерін байыта беру керек.

Сонымен қатар, алған әсерлері мен музыка жөніндегі ұғымдары негізінде

музыкалық талғамы пайда болған балалардың алғаш көрінуіне жәрдемдесу керек, ол үшін алдымен олардың музыкалық шығармаларды таңдауына, содан соң бағалай білуіне ықпал ету керек.

Музыканың балаларға түсінікті барлық түрлерінде: ойындар мен характерлік образдарды беруде; үйренген би қимылдарын өздері тапқан жаңа үйлесімдерге пайдалануда; ойдан шығарған шағын әндер мен қайырымдарды айтуда шығармашылық белсенділікті дамыта беру керек. Сонда дербес, үйренген репертуарды күнделікті өмірде қолдануға деген талпыныс, музыкалық аспаптарда ойнауға, ән салып, би билеуге деген құлшыныс қалыптасады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, музыканы терең сезінген бүлдіршін өз ойын ашық айта алатын тұлға ретінде қалыптасады. Өзін-өзі бағалай біледі. Өз ісіне жауапкершілікпен қарай бастайды. Өзімен қатар жүрген бүлдіршін достарын сыйлайды, санасады.



Бала бақша тәрбие ордасы. Сондықтан, мамандар бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті сезініп, ұдайы өз білімдерін жетілдіріп отырса кәсіби қабілеті де жетіле түспек. Өскелең ұрпақтың тәрбиесіне жауаптымыз.

Гүлмарал БАРАТОВА,
«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының саз жетекшісі,
Кентау қаласы

ҚЫЗДАРҒА КЕҢЕС

Қыздар!

1) Егер сүйген жігіттеріңе сүйікті жар боламын десеңдер,еңбекшіл болыңдар!

2) Егер ата-енеге қымбатты келін боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар!

3) Егер ертең шәкірттеріңе үлгілі ұстаз боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар!

4) Өздеріңді алақанға салып әлпештеп отырған қоғамға адал перзент, асыл азамат боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар!

5) Егер ертең, егде тартқанда, келісті ана, кемеңгер әже боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар!

Әдемі болыңдар, әсем болыңдар! Сонымен бірге ақылды болыңдар!

Сұлу болыңдар, сымбатты болыңдар! Сонымен бірге саналы болыңдар!

Ең алдымен еңбекшіл болыңдар! Еңбекшіл адам - ең ардақты адам. Дүниеде ең сұлу әйел - еңбекшіл әйел. Еңбекшіл әйел - ерге сүйікті, елге сүйкімді, отбасыға сыйлы. Өңді қыз өтімді қыз болғанымен, түптің түбінде есті, еңбекшіл қыз ғана жақсы жігітті өкіндірмей ең асыл жар, жан серік бола алады.

Қыздар!

Ұйқышыл болмаңдар, ұмытшақ болмаңдар, ұрысқақ болмаңдар!

Апиын ішкендей елтіп, сәнге еліктей берменңдер. «Жылтырағанның бәрі алтын емес» дегендей,жарқырағанның бәрі бірдей сән емес. Олардың ішінен тек өз бойыңа қонымдысын, өз денеңе жарасымдысын, сырт көзге де оғаш көрінбейтін ұнамдысы ғана сән. Ендеше, өздеріңе не жарасып, не жараспайтынын біліңдер.

Қыздар!

Желкілдеген жеңілтек болмаңдар! Желпілдек қызды жебір жігіттер жентектеп ауыздарына бір-ақ қылғыта салуға құмар келетінін ұғыңдар, ұмытпаңдар... Сабырлы болыңдар, салиқалы болыңдар, салауатты болыңдар, қарақтарым!

Қыздар!

Сұқ көзден сақтаныңдар. Сұлу сөзден сақтаныңдар. Шынайы махаббат мақтауды қажет қылмайды. Орынсыз мақтаудан сақтаныңдар, абыройдан аттаудан сақтаныңдар!

Пәк болыңдар!

Пәк болу үшін сақ болыңдар, бауырларым!

Алайда, қазір сендердің жігіттерден көз алмайтын, жігіт жаққа қарайлап көп қарайтын шақтарың ғой бұл кез. Қарағанда олардың сыр сиқына, киген киіміне, ресторанда қалталарынан шытырлатып шығарған ақшаларына қарамаңдар, қарақтарым. Өңді қыздың бәрі жөнді қыз бола бермейтіні сияқты, жылтырағанның, жымыңдағанның, жылпылдағанның бәрі бірдей жақсы жігіт бола бермейді. Жақсы жігіт болғанымен, жақсы жар бола бермейді. Сондықтан жігіттерге қарағанда олардың ішкі дүниесіне үңіліңдер, адамгершілік, азаматтық сапасына көз жүгіртіңдер...

Жігіт таңдағанда көңіліңнің қос қанаты ақыл мен сезімді тең ұста. Тек сүйген жанға ғана қосылу қажет, қосылған жігітіңді өмір бойы сүйіп өтетініңе кәміл сенімің болсын. Өзімшіл, өркөкірек жігіттердің өкінішке ұрындыратынын ұмытпаңдар. Жаман жолдастан жалғыздық жақсы...

Әзілхан Нұршайықовтың
«Махаббат, қызық мол жылдар»
шығармасынан

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Қардан жасалған гүл

- Анашым, ертегі айтып беріңізші?!

- Жарайды, айтып беремін. Тек кеш батсын.

- Не үшін кештің батқанын күтуіміз керек?

- Білмеймін...ертегіні кешке тыңдаған жақсы сияқты.

- Жақсы. Онда келістік.

Қызым күн батқанша әрең шыдады. Қыстың келте күні әп-сәтте кешке ұласты. Пешке жағылған оттың қызуы үйді жылытып жіберді. Жарықты сөндірсең, оттың ойнаған алауының көлеңкесі керегеде ойнайды. Осындай кезде бала кездегі ата-анамның ортасында еш алаңсыз отыратын кездерім есіме түседі.

- Анашым, ал, ертегіңізді бастаңыз.

Қызымның қызығушылыққа толы көзіне қарап, жымидым. Есіме әдемі ертегі түсті.

- Ертегіні жалғыз өзің ғана тыңдайсың ба? Барып, бауырларыңды шақырып кел.

Қызым шүйінші сұрағандай жүгіріп кетті. Балаларым «ертегі, ертегі!» деп қуана айқайлап жүгірісіп келді. Айнала отыра қалып, менің аузымды бақты.

- Ертеде бір қыз болыпты. Ол өте арманшыл болған. Өз қиялында жасап алған үйде мекен етіп, қиялындағы кейіпкерлермен тілдеседі екен. Жер бетіндегі барлық нәрсені аппақ түс сияқты қабылдайтын-ды. Аппақ ақша бұлттар, аппақ қар сияқты барлық адамзат, жер беті тап-таза деп ойлайды. Бір күні қыз әкесі мен анасының бір-бірімен сөйлеспей жүргенін байқап қалыпты. Сірә, ренжісіп қалған-ау.

- Олар неге ренжіскен екен?

- Үлкендер кейде солай бір-біріне өкпелеп қалады.

- Бір-бірінен кешірім сұрай салмай ма?! Біз сөйтеміз ғой...содан кейін ойнап кетеміз.

- ...

- Содан, олар татуласып па?

- Кішкентай арманшыл қыз ата-анасын қалай татуластырсам екен деп, түнімен терезеден жапалақтап жауған қарға қарап ойланыпты. Сөйтіп жатып ұйықтап кетіпті. Таңертең тұра салып, киімдерін киіп, далаға жүгіріп шығыпты. Дала аппақ қарға оранып-ты. Тура өз қиялындағы ертегі патшалығы сияқты. Қыз қарды біраз тамашалап тұрыпты да, дереу жалаң қолдарымен қарды көсіп алып, жентектей жөнеліпті. Анасы қызының бұл қылығына таң қалып, «Қызым-ау, жаурадың ғой. Үйге кірсеңші. Күн жылынған соң бірақ шығып ойна» деп бәйек болады. Қызы анасын естімеген сияқты қарды жентектей береді. Бір кезде қолындағы қарды ала сала әкесіне жүгіріп барады.

- Әке, әке, қараңызшы, мен қардан гүл жасадым. Өтінем, осы гүлді анама сыйлаңызшы. Қазір қыс, еш жерде гүл өспейді.

- Қызым-ау, мынау қар ғой...

- Бұл қар емес, қардан жасалған гүл...жүріңізші, анама сыйлаңызшы. Бұл ғажайып гүл...

Қызы табандап тұрып алған соң, әкесі көңілін қимай жентектеліп гүл бейнесіне келтірген қарды алып үйге кіреді.

- Ал, анама сыйлаңыз, - деп сыбырлайды қызы.

- Мынау саған...қардан жасалаған гүл...қызымыз жасапты...

- Әдемі екен...

Анасы пештің жанында тұрған. Қолын созып аппақ қар гүлді алды. Жүзіне жылу жүгірді. Адамның қолының табымен үйдегі жылу қар гүлді еріте бастады. Су тамшылай бастайды.

- Әке, әке, гүлді ұстаңыз. Әйтпесе ол қазір еріп құлап қалады. Міне мен де ұстаймын.

Үш алақанға қонған аппақ қар гүлі тез ери бастады. Еріп-еріп жерге тамшылап жатты. Суыққа қызарған алақандар қалды. Қардың суық суы қыздың әкесі мен анасының ренішін жуып кеткен сияқты. Қыз қатты қуанып кетті.

- Айттым ғой, ол ғажайып гүл деп... ертегі осымен бітті.

- Бітті ме?

- Ата-анасы татуласып па?

- Иә.

- Жақсы болды ғой.

- Мен тәтеммен ренжісіп қалсам, сондай гүл сыйласам бола ма?

Мен күлдім. Ертегіні кішкентайлар жағы түсінбегені анық. Өйткені олар ойынға айналып отырды. Ал ес кіріп қалған қыздарым бір сәтке қиялдап кеткендей.

Мира СЕМБАЙҚЫЗЫ,
Алматы облысы, Қаражота ауылы

НӘЗИРА БЕРДАЛЫ

ГАРМОНИЯ

Күн батты.
Ақшам уақыты.
Кеудемді күй кернесін кеп!
Күй тыңдап, мен жылап тұрмын
«Әрқашан Күн сөнбесін…» деп.
Күннен Сен жақынсың, Раббым!
Күнді де жарық қылған – Сен!
Бәлкім, Сен – ақынсың, Раббым?
Жерді де ғаріп қылған – Сен.
Мәңгілік Күнді айналдырып,
Кете алмас ғашық еткен Сен,
Біздерге, төзе алмас ек-ау,
Осындай қасірет берсең!…
Жер беті – ғаламат майдан,
Сен ғана сақтаған жанын,
Майданға аттанған(дар)дың…
Жер беті – мұң менен кайғы…ң…
Қайғымды азайтшы, Раббым!
Түннен соң таныңды атыр,
Күніңмен жылыта бер де,
Бір саған тәуелді пақыр
Пенденді ұмыта көрме!
Бұл әлем шектелмес Жермен,
Жердегі ғұмыр бір – фәни…
Шын әлем – Сен сыйған кеудем,
Шын әлем – Сен сүйген нәби!
Күн батты.
Ақшам уақыты.
Жас болып тамдым сағаттан…
Шын әлем – екеуміз, ЖАНЫМ!
Әлемді БІЗден жаратқан…

ҚАЙДАСЫҢ

Алладан тілеп бозала таңда-ай,
Асыға күткен мені апам.
Асырап-бағып балапан қаздай,
Алқатып күткен шері атам.
Қалжама, ұлдай, ақ қошқар сойса,
Еншіме атап көк атан,
АқшаХАН қызын Ақжүніс қойса,
Назира қойған ЕрмаХАН.
Ертегі тыңдап, ерке өскен болсам,
Ойлашы, кімнен қорқармын?
Түсімде келіп тұратын мың сан
Тарланға мінген Ер Тарғын.
Өрмекті жүрдім өлеңнен тоқып,
Қағазға қалды ол жазылмай…
Өзіңді бір күн келер деп тосып,
Қамбарды күткен Назымдай.
Асуды бермей жайбасарларға,
«Айқын» деп сендім, – «келерің».
…Ауызы жалын айдаһарларға
Құрбан ғып тосты мені елім…
Өрмек қып өрген тынысым – өлең,
Өзіңді күткен жол қалды…
Қырық құлаш алмас қылышыңменен
Құртқаны құтқар, Қобыланды!
У-сөзден егер уланар болсаң,
Жаныңды сүтпен сақтармын
Шын сөзім осы, иланар болсаң,
Сырымды саған ақтардым.
«Батырдың жары – осы» дегізіп,
Атырам алдан ақ таң, Күн!
Қысыр қулықты қырық күн емізіп,
Тайбурылыңды баптармын.
Еңіреп туған ер болсаң егер,
Еліңнің қамын жырларсың!
Бір хабар берші, бар болсаң егер,
Мұңайды гүлдей Гүлбаршын.
Заманда бейбіт, өмірде – думан,
Көрінер жырым жарты аңыз…
Жиделі-Байсын жерінде туған
Қай жерде жүрсің, Алпамыс?…
Мұратқа жетіп кейіпкерлері,
Ертегі бітер ақырын…
Ертегі ғана кейіпте ме едің,
Қайдасың, менің БАТЫРЫМ?

ГҮЛ СИЯҚТЫМЫН...

Гүл сияқтымын...
Бөлме гүлі.
Топырағым – көзеде.
Терезеден телміретінімді,
Өзімді-өзім сендіретінімді
Күндердің бір күнінде кезігеміз деп,
Анау Күнім сезе ме?...
Жапырағымды тосып сәулеге,
Жылу ала алмай
Жаным әуреде.
Жаным – аласапыран.
Жаңаша тұрам,
Жанарымды жұмып қарап жарыққа,
Мен – гүл сияқтымын.
Тәнім топырақ-табытта...



БОЛАМЫН КҮНГЕ ШЫН ҒАШЫҚ

Көңілімді – мұң,
Сенімімді – түн басып,
Болғам жоқ әлі Күнге шын ғашық.
Жүз қадам артқа шегініп,
Алдыға қарай бір басып,
Болғам жоқ Күнге шын ғашық.
Қарашы Күнге!
Жанарында оның тұр ма шық?
Бұл – жауапсыз махаббат.
Болғам жоқ оған шын ғашық.
Күннен тусам,
Мұнша суық болар ма ем?!
Күнді сүйсем,
Бәйшешектей солар ма ем?...
Күнді сүймей,
Кімді сүйгем, Тәңірім?
Жүрегіме қонар ма ем?
Жүрегіме, арқалаған ар жүгін...
Бір өзіңе арнайтұғын жан гүлін
Маған неге бұйыртпадың, Тәңірім,
Күнбағыстың тағдырын?
Сонда мен де сәулеңменен сырласып,
Жермен бірге жылуыңнан ұрласып...
Болар ем Күнге шын ғашық,
Боламын Күнге шын ғашық...

О, ӨМІР!

Көп көргеннен сұрармын,
Көп белеске шығармын.
Кей сұраққа келгенде
Күмілжумен тынармын...
Көрінгенге ұнармын,
Күйінгенде...жылармын...
Күлермін...
О, Өмір!
Мен өзіңе құмармын.
Мен өзіңе іңкәрмін –
Жапырағы жыр-талдың!
Жазылмаған хаттарды
Жүрегімде жыртармын...
Әр деміңді сезініп,
О, Өмір!
Сені мәңгі шырқармын.
Ән ғып сені шығардым,
Гүл ғып сені жұлармын...
Фәниге екі келмеспін,
Бақида екі туармын...
О, Өмір!
О, Өмір...
Сені қашан ұғармын?...

АҒА

Жүректі тілгілесе пышақтай мұң,
Сіз үшін түк емес-ау «ұсақ» қайғым!
Өмірді іңкәрлікпен өле сүйген,
Мен Сізді ешкімге де ұқсатпаймын.
Жақсылық әкелсін деп келер ай, күн
Сыртыңыздан дұға ғып,
Қасыңызға тым жақын келе алмай-мын.
Адамзаттың барлығын сүйесіз Сіз,
Ал мен Сізді ешкімге бере алмай-мын...
Көңіліме ұя салған қарлығашым,
Сен мәңгісің,
Сен мәңгі бар боласың!
Тағдыр атты тар жолда мың сүрініп,
Тағы да Сізге келем арып-ашып,
Менің Сізге, себебі, жаным ғашық...
Жаным, мейлі, жаншылсын,
Бола берсін басымда ұсақ қайғым!
Қазақтың Рухы болып Сіз тұрғанда,
Сіз тұрғанда мен қалай ұсақтайын?...

АЙТҚАНЫМ, АНА, ӘН БЕ ЕДІ?

Айтқаным, Ана, ән бе еді?
Арманым асқар тау ма еді?
Сол таудан бүгін құладым, Ана –
Жер бетінде ұстап тұрған жан мені...
Соғылды тасқа басым көп,
Жүрекке тұнған жасым көп,
Бірақ та, Ана, сен барда
Жылауға менің хақым жоқ.
Қирады айна-сезімім,
Қалмады тағат-төзімім.
Ал мен сен үшін
Жердегі көлеңкесімін бақыттың,
Бәлкім...бақыттың өзімін...
Сол үшін әлі тірімін...
Сендік өмірдің гүлімін,
Өзің сыйлаған жарық әлемге әлі ғашықпын,
Жан-Ана!
Әрі сәулелі, жылымын...
Жылымын, әлі әлемді талай жылы-там!
Алдымнан күліп атар да менің жылы таң...
Мейіріміңнің тал бесігінде тербеліп,
Тәтті әндер тыңдап өскенімді қалай ұмытам?
Айтқаның, Ана, ән бе еді?
Арманым менің бар ма еді?
Бауырыңа басып, маңдайымнан иіскеші,
Жер бетінде ұстап тұрған жан мені...



«Сарасөз» әдеби-қоғамдық журналының
индексі – 74974

КАЗПОЧТА, ЕРНҰР-ПРЕСС, ЭВРИКАМЕ-
ДИА, ЕРКІН-ПРЕСС АРҚЫЛЫ

1 жылға жазылу бағасы:
Қала – 6337,20т
Ауыл – 6388,80т

6 айға жазылу бағасы:
Қала – 3168т
Ауыл – 3194т